

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ  
ХАБАРШЫ

№1 (66) 2024

# Республикалық терминология комиссиясының бюллетені

## ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ХАБАРШЫ

№1 (66) 2024

**Бас редактор**  
Ә. Қаба

**Жауапты редактор**  
Қ. Хавай

Қазақстан Республикасы  
Ғылым және жоғары  
білім министрінің  
2024 жылғы 18 наурыздағы  
№116 бұйрығына сәйкес

### Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы  
Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Тіл саясаты комитеті

### Редакциялық алқа төрағасы

Дархан Ахмед-Заки, ҚР Ғылым және жоғары  
білім вице-министрі

### Редакциялық алқа

Е.Тілешов  
Ғ.Абзалбек  
С.Абдрахманов  
Қ.Айдарбек  
Ж.Артықбаев  
С.Әлісжан  
К.Бажықова  
С.Байменше  
С.Баймұрат  
М.Ерғазина  
Б.Жонкешов  
М. Жұмабай  
А.Иманбаева  
Т.Иманқұл  
Т.Көмеш  
Д.Қамзабекұлы  
Т.Қараманов  
С.Құлманов  
Ш.Құрманбайұлы  
Ө.Мамырбаев  
А.Махамбетова  
Г.Нұрышева  
Д.Омашұлы  
Қ.Сапаров  
Б.Хамбар

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО  
НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

## БҰЙРЫҚ

*2024 жылғы 18 наурыз*

Астана қаласы

## ПРИКАЗ

№ *116*

город Астана

### Республикалық терминология комиссиясы туралы

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 5-1) тармақшасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 157) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес құрамда Республикалық терминология комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) құрылсын.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Комиссия туралы ереже бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Мемлекеттік терминология комиссиясын құру туралы» 2022 жылғы 19 қыркүйектегі № 48 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі міндетін атқарушының «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Мемлекеттік терминология комиссиясын құру туралы» 2022 жылғы 19 қыркүйектегі № 48 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 2023 жылғы 3 мамырдағы № 194 бұйрығы жойылсын.

Банк сериалық нөмірсіз жарамсыз болып табылады. Жауап ағылшын тілінде берілген. № және күні көрсетілген берсе.  
Банк без серийного номера не действителен. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

002481

2

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.
6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы  
Ғылым және жоғары білім министрі**



**С. Нұрбек**

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

№	Аты-жөні	Лауазымы
1.	Ахмед-Заки Дархан Жұмақанұлы	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министрі, төраға
2.	Тілешов Ербол Ердембекұлы	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы, төрағаның орынбасары
3.	Абзалбек Ғабит Мұхамеджанұлы	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитеті төрағасының орынбасары, хатшы
<b>Қоғамдық-гуманитарлық бағыт</b>		
4.	Артықбаев Жамбыл Омарұлы	тарих ғылымдарының докторы (келісім бойынша)
5.	Әлісжан Сарқыт Қалымұлы	филология ғылымдарының докторы (келісім бойынша)
6.	Баймұрат Сағидолла Мүтиғоллаұлы	заң ғылымдарының магистрі (келісім бойынша)
7.	Байменше Серікқали Ердіғалиұлы	филология ғылымдарының докторы (келісім бойынша)
8.	Жонкешов Бауыржан Сейсенбекұлы	филология ғылымдарының кандидаты (келісім бойынша)
9.	Қамбар Бақытгүл	экономика ғылымдарының кандидаты (келісім бойынша)
10.	Қамзабекұлы Дихан	филология ғылымдарының докторы (келісім бойынша)
11.	Құлманов Сәрсенбай Қуантайұлы	филология ғылымдарының кандидаты (келісім бойынша)

12.	Махамбетова Айгүл Көбейсінқызы	құқық магистрі (келісім бойынша)
13.	Нұрышева Гүлжиһан Жұмабайқызы	философия ғылымдарының докторы (келісім бойынша)
14.	Омашұлы Дәуітәлі	журналист, аудармашы (келісім бойынша)
<b>Жаратылыстану-математика бағыты</b>		
15.	Абдрахманов Сауытбек Абдрахманұлы	филология ғылымдарының докторы (келісім бойынша)
16.	Айдарбек Қарлығаш Жамалбекқызы	филология ғылымдарының докторы (келісім бойынша)
17.	Бажықова Күлзада Бегалықызы	химия ғылымдарының кандидаты (келісім бойынша)
18.	Ерғазина Марал Жүнісбекқызы	медицина ғылымдарының кандидаты (келісім бойынша)
19.	Иманбаева Ақжүніс Алтайқызы	биология ғылымдарының кандидаты (келісім бойынша)
20.	Иманқұл Төлеухан Шойбасұлы	физика-математика ғылымдарының кандидаты (келісім бойынша)
21.	Көмеш Тоқтархан	«Физика және астрономия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) (келісім бойынша)
22.	Қарманов Тоғыс Досмырзаұлы	техника ғылымдарының кандидаты (келісім бойынша)
23.	Құрманбайұлы Шерубай	филология ғылымдарының докторы (келісім бойынша)
24.	Мамырбаев Өркен Жұмажанұлы	«Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) (келісім бойынша)
25.	Сапаров Қуат Табылдыұлы	география ғылымдарының докторы (келісім бойынша)

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ  
КОМИССИЯСЫНЫҢ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-МАТЕМАТИКА  
БАҒЫТЫ БОЙЫНША 2024 ЖЫЛҒЫ 19 СӘУІРДЕГІ  
ОТЫРЫСЫНДА БЕКІТІЛГЕН ТЕРМИНДЕР**

№	Орысша	Қазақша
<b>Биология саласының терминдері (мектеп оқулықтары бойынша)</b>		
1.	световой микроскоп (оптический микроскоп)	жарық микроскобы (оптикалық микроскоп)
2.	таксис	таксис
3.	экология	экология
4.	экологическое образование	экологиялық білім
5.	экологическая система	экологиялық жүйе
6.	экологический критерий	экологиялық өлшемшарт
7.	экологическая пирамида	экологиялық пирамида
8.	экологический фактор	экологиялық фактор
9.	экскременты	экскременттер
10.	эктодерма	эктодерма
11.	электрические растения	электрлі өсімдіктер
12.	электрокардиография	электркардиография
13.	электронная микроскопия	электронды микроскопия
14.	электрорецепторы	электррецепторлар
15.	эмбриология	эмбриология
16.	эмбрион	эмбрион
17.	эндемия	эндемия
18.	эндокард	эндокард
19.	эндокринолог	эндокринолог
20.	пирамида энергии	энергия пирамидасы
21.	энтoderma	энтoderma
22.	эозинофилы	эозинфилдер
23.	эпидермис	эпидермис
24.	эпикантус	эпикантус

25.	эпикард	эпикард
26.	эпистаз	эпистаз
27.	эритроцит	эритроцит
28.	эстрогены	эстрогендер
29.	этология	этология
30.	эффектор	эффектор
31.	явантроп	явантроп
32.	ядерный сок	ядро шырыны
33.	ядрышко	ядрошық
34.	австралопитек	аустралпитек
35.	эндокринные железы	эндокриндік бездер
36.	акропетальный рост	акропеталды өсу
37.	протонефридия	протонефридия
38.	аллель	аллел
39.	яичник	аналық без
40.	анафилактический шок	анафилактикалық шок
41.	артерия	артерия, күретамыр
42.	артериальное давление	артериялық қысым
43.	задний мозг (метэнцефалон)	артқы ми (метэнцефалон)
44.	АТФ-синтетаза	АҮФ-синтетаза
45.	классификация стволовых клеток	бағаналы жасушалар жіктелімі
46.	миндалины	бадамша без
47.	бактериоскопические исследование	бактериоскоптық зерттеу
48.	бациллы	бацилдер
49.	бластоцель	бластоцел
50.	бурундук	бұрындық
51.	деление клетки	жасушаның бөлінуі
52.	бронхиола	бронхиол



53.	почечнокаменная болезнь	бүйрек-тас ауруы
54.	вакуолярный транспорт	вакуольді тасымал
55.	вегетативное размножение	вегетативті көбею
56.	гамета (половая клетка)	гамет (жыныс жасушасы)
57.	гастроуляция	гастроуляция
58.	гемофилтрация	қансүзгілеу
59.	дрейф генов	гендердің дрейфі
60.	гермафродитизм	қосжыныстылық
61.	гетерогаметность	гетергаметтілік
62.	гибридологический метод	гибридологиялық зерттеу
63.	гибридологический анализ	гибридологиялық талдау
64.	гомологичные хромосомы	гомологты хромосомдар
65.	гуморальная регуляция	гуморальды реттеу
66.	диполь	диполь
67.	вторичные половые признаки	екіншілік жыныс белгілері
68.	пассивный транспорт (биол.)	енжар тасымалдау (биол.)
69.	период пубертатный	жыныстық жетілу кезеңі
70.	клеточный цикл	жасуша циклі
71.	верхние дыхательные пути	жоғарғы тыныс жолы
72.	сердечная мышца (миокард)	жүрек бұлшықеті (миокард)
73.	околосердечная сумка (перикард)	жүрекқап (перикард)
74.	функция спинного мозга	жұлын қызметі
75.	признаки, сцепленные с полом	жыныспен тіркескен белгілер
76.	ольфакция	иістану, ольфакция
77.	импринтинг	импринтиң
78.	инвазионные болезни	инвазиялық аурулар
79.	инфаркт	инфаркт
80.	сердечный приступ (инфаркт миокарда)	жүрек талмасы (миокард инфаркті)

81.	диарея	іш өту
82.	внутренняя мембрана	ішкі мембран
83.	конъюнктивит	конъюнктивит
84.	надгортанник	көмей қақпашығы
85.	зрительные бугры (таламус)	көру төмпешіктері (таламус)
86.	кровопускание	қан шығару
87.	несахарный диабет	қантсыз диабет
88.	движущий (направленный) отбор	қозғаушы (бағыттаушы) іріктелім
89.	разделение смеси	қоспаны бөлу
90.	вьюрок	құнақ
91.	фоторецепторы	фоторецепторлар
92.	дальнозоркость, гиперметропия	алыстан көру, гиперметропия
93.	кислотные дожди	қышқылды жаңбыр
94.	микробибриллы	микрожіпшелер
95.	моногибридное скрещивание	моногибридті будандастыру
96.	озоновая дыра	озон ойығы
97.	окуляр-микромметр	окуляр-микромметр
98.	поле зрения окуляра	окулярдың көру аймағы
99.	сопротивление среды	орта кедергісі
100.	отит	отит
101.	гормон роста (соматотропный гормон, соматотропин)	өсу гормоны (соматотроп гормон, соматотропин)
102.	панкреатический сок	ұйқы безі сөлі
103.	партеногенез	партегенез
104.	пассивная деполяризация	енжар полярсыздану
105.	пептидогликаны	пептидгликандар
106.	пиримидиновые основания	пиримидин негіздері
107.	популяция	популяция

108.	постэмбриональное развитие	постэмбрионды даму
109.	рефлекторная дуга	рефлекс доғасы
110.	желтуха (болезнь Боткина)	сарауру (Боткин ауруы)
111.	секвенирование	секвендеу
112.	белочная оболочка (склера)	ақ қабық (склера)
113.	стоматит	стоматит
114.	серое вещество	сұр заттек
115.	естественный отбор	табиғи іріктелім
116.	чистая линия	таза ұрпақ тізбегі
117.	анализирующее скрещивание	талдама будандастыру
118.	туберкулез	туберкулез
119.	ареал вида	түр ареалы
120.	стабилизирующий отбор	тұрақтандырушы іріктелім
121.	ультрафиолетовое излучение	ультракүлгін сәуле шығару
122.	сонная артерия	ұйқы артериясы
123.	фагоциты	фагоциттер
124.	фазово-контрастная микроскопия	фазалық контрасты микроскопия
125.	фосфорилирование	фосфорлану
126.	фотопериодизм	фотокезеңділік
127.	фотофосфорилирование	фотофосфорлау
128.	карта хромосом	хромосомдар картасы
129.	хромосома	хромосом
130.	хромосомная перестройка	хромосомдық қайта құру
131.	вторичная полость тела (целом)	екіншілік дене қуысы (целом)
132.	цианобактерии	цианбактериялар
133.	штамм	штам
134.	экологически устойчивое развитие	экологиялық орнықты даму

135.	экстракорпоральное оплодотворение (ЭКО)	экстракорпоралды ұрықтандыру (ЭҚҰ)
136.	эндемик	жергілікті түр, эндемик
137.	эндоплазматическая сеть, эндоплазматический ретикулум	эндоплазмалық тор, эндоплазмалық ретикулум
138.	энзимология	энзимология
139.	эукариоты	эукариоттар
140.	женьшень	адамтамыр
<b>Тамақ өнеркәсібі терминдері</b>		
141.	пирог	қаусырма (тамақ өнерк.)
142.	мастика кондитерская	кондитерлік жабын
143.	ленивые вареники	жедел қайнақша
144.	сухофрукты	жемісқақ
145.	вяленое мясо	сүр ет
146.	компот	компот
147.	мыжыма	мыжыма (тамақ өнерк.)
148.	пахлава	пахлауа
149.	печенье	піспенан
150.	сёк	сөк
151.	чай с молоком	сүтті шай
152.	цельномолочный продукт	табиғи сүт өнімі
153.	пампушка	томпақша
<b>Көлік және коммуникация саласы термині</b>		
154.	внедорожный транспорт (внедорожник)	жол талғамайтын көлік (жолталғамас)
<b>Батыс Қазақстан облысы Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы ұсынған терминдер</b>		
155.	рогатка (керчак четырехрогий) (биол.)	кесірек (биол.)
156.	сайда	сайда

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ  
КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ  
БАҒЫТЫ БОЙЫНША 2024 ЖЫЛҒЫ 19 СӘУІРДЕГІ  
ОТЫРЫСЫНДА БЕКІТІЛГЕН ТЕРМИНДЕР**

<b>№</b>	<b>Орысша</b>	<b>Қазақша</b>
<b>Экономика саласы термині</b>		
1.	фрагментарность осуществления	жүзеге асыру фрагменттілігі
<b>Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Аппараты ұсынған терминдер</b>		
2.	аквакультура	аквашаруашылық
3.	закупка	сатыпалым
4.	государственные закупки	мемлекеттік сатыпалым
5.	риск	қауіп-қатер; тәуекел

№ 17-17-05-18/4994-И от 19.06.2024

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІНІҢ  
ТІЛ САЯСАТЫ КОМИТЕТІ»  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«КОМИТЕТ ЯЗЫКОВОЙ  
ПОЛИТИКИ МИНИСТЕРСТВА  
НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

01000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8  
«Министрліктер үйі» сивары, 15-қабат  
тел.: 8 (7172) 34 04 04

01000, город Астана, проспект Матильды Е., 8  
здание «Дом Министерства», 15 этаж  
тел.: 8 (7172) 34 04 04

30

**Орталық мемлекеттік және  
жергілікті атқарушы органдарға,  
ұлттық компанияларға,  
мемлекеттік мекемелерге,  
ғылыми ұйымдар мен  
жоғары оқу орындарына  
(тхім бойынша)**

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім білім министрлігінің  
Тіл саясаты комитеті Республикалық терминология комиссиясының 2024 жылғы  
2-отырысында бекітілген терминдер тізбесін танысу және жұмыс барысында  
қолдану үшін жолдайды.

Сондай-ақ жалпы бекітілген терминдердің толық тізбесімен [termkom.kz](http://termkom.kz)  
сайтынан танысуға болатынын хабарлаймыз.

Қосымша: 14 парақта.

Төраға

Е. Тілепов

Орынд.: Ж. Ақжол  
Тел.: 74-14-97, 8-701-798-01-63

Дәлел: 21.06.2024 14:02. Мемлекеттік құжаттарды электрондық жүйеде сақтау және қолдану туралы заңның 22-1-бабының 1-бөлігінің 1-тармағының 3-пунктіне сәйкес.

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ КОМИССИЯСЫНЫҢ  
ҚОҒАМДЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ БАҒЫТЫ БОЙЫНША  
2024 ЖЫЛҒЫ 30 МАМЫРДАҒЫ ОТЫРЫСЫНДА  
БЕКІТІЛГЕН ТЕРМИНДЕР**

<b>Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі ұсынған терминдер</b>		
<b>р/с</b>	<b>орыс тілінде</b>	<b>қазақ тілінде</b>
1.	абляция ледника	мұздықтың семуі
2.	аварийная работа	авариялық жұмыс
3.	аварийная среда	авариялық орта
4.	аварийный взрыв	авариялық жарылыс
5.	аварийный выброс	авариялық шығарынды
6.	аварийный выход	авариялық шығу
7.	аварийный сертификат	авариялық сертификат
8.	авария и ее последствия	авария және оның салдары
9.	авария морского (речного) объекта	теңіз (өзен) объектісінің авариясы
10.	авария на АЭС	АЭС-тағы авария
11.	авария на магистральном трубопроводе	магистрал құбыржелідегі авария
12.	авария на подземном сооружении	жерасты құрылысындағы авария
13.	авария на промышленных объектах	өнеркәсіп объектілеріндегі авария
14.	авиасанитарный отряд	авиасанитария жасағы
15.	авиационная катастрофа	авиациялық апат
16.	автоматическая система газового пожаротушения	газбен өрт сөндірудің автоматты жүйесі
17.	автоматическая система дренчерного пожаротушения	дренчерлік өрт сөндірудің автоматты жүйесі
18.	автоматическая система пенного пожаротушения	көбікпен өрт сөндірудің автоматты жүйесі

19.	автоматическая система порошкового пожаротушения	ұнтақпен өрт сөндірудің автоматты жүйесі
20.	автоматическая система спринклерного пожаротушения	спринклерлік өрт сөндірудің автоматты жүйесі
21.	автомобиль аэродромный пожарный	әуеайлақ өрт сөндіру автомобилі
22.	автомобиль газодымозащитной службы	газ-түтіннен қорғау қызметінің автомобилі
23.	автомобиль пожарно-спасательный	өрт сөндіру-құтқару автомобилі
24.	автомобиль пожарный пенно-порошкового тушения	көбік-ұнтақпен өрт сөндіру автомобилі
25.	автомобиль пожарный с порошковой установкой пожаротушения	ұнтақпен өрт сөндіру қондырғысы бар өрт сөндіру автомобилі
26.	автомобиль пожарный с углекислотной установкой пожаротушения	көмірқышқылмен өрт сөндіру қондырғысы бар өрт сөндіру автомобилі
27.	акустическое поражение	акустикалық зақымдау
28.	альфа-излучение	альфа-сәулелендіру
29.	анализ сейсмического риска	сейсмикалық қауіп-қатерді талдау
30.	анализ сейсмограмм	сейсмограммалар талдауы
31.	анализатор горючей смеси	жанғыш қоспаны талдағыш
32.	анализатор дымовых газов	түтін газдарын талдағыш
33.	аномалия климатическая	климаттық аномалия
34.	аномалия сейсмического режима	сейсмикалық режим аномалиясы
35.	аномалия циркуляции	циркуляция аномалиясы
36.	антисейсмический пояс	сейсмикаға қарсы белдеу
37.	антропогенная авария	антропогендік авария
38.	антропогенное загрязнение	антропогендік ластану



39.	аппарат дыхательный	тыныс алу аппараты
40.	аппарат кислородный дыхательный	оттегімен тыныс алу аппараты
41.	аэрация почвы	топырақты аэрациялау
42.	багор пожарный	өрт ілмегі
43.	базис оледенения	мұздану базисі
44.	бассейн речной	өзен алабы
45.	бассейн селевой	сел алабы
46.	бассейн селеопасный сложный	күрделі селқауіпті алап
47.	башня	мұнара
48.	бедствие	зілзала
49.	бедствие на акваториях	акваториядағы зілзала
50.	бедствие природное	табиғи зілзала
51.	безводье	сусыздық
52.	безопасность населения в чрезвычайной ситуации	төтенше жағдайдағы халық қауіпсіздігі
53.	безопасность персонала и населения	персонал мен халықтың қауіпсіздігі
54.	бензопила	бензинара
55.	бетононасос	бетонсорғы
56.	бинарные химические боеприпасы	бинарлы химиялық оқ-дәрі
57.	биологическая авария	биологиялық авария
58.	биологическая безопасность	биологиялық қауіпсіздік
59.	биологические (бактериальные) средства	биологиялық (бактериялық) кұралдар
60.	биологически опасное вещество	биологиялық қауіпті заттек
61.	биологически опасные объекты	биологиялық қауіпті объектілер

62.	биологическое (бактериологическое) оружие	биологиялық (бактериялогиялық) қару
63.	биологическое загрязнение	биологиялық ластану
64.	биологическое поражение	биологиялық зақымдану
65.	биолого-социальная чрезвычайная ситуация	биологиялық-әлеуметтік төтенше жағдай
66.	блок глушения	бітеу блогы
67.	блок дросселирования	дросселдеу блогы
68.	боевое развертывание	жауынгерлік өрістету
69.	боевой робот	жауынгер робот
70.	буран	боран
71.	буран снежный	қарлы боран
72.	буровой раствор	бұрғылау ерітіндісі
73.	вертикальные вихри	асау құйын
74.	горизонтальные вихри	жаяу құйын
75.	верховые пожары	кума өрт
76.	ветер боковой	қаптал жел
77.	ветер периодический	оқтын жел
78.	ветер порывистый	ұйытқыма жел
79.	влага почвенная	топырақ ылғалы
80.	влагоемкость горных пород	тау-кен жынысының ылғал сыйымдылығы
81.	влагозапас почвы	топырақтың ылғал қоры
82.	влагооборот почвенный	топырақтағы ылғал айналымы
83.	влажность горной породы (грунта)	тау-кен жынысы (топырақ) ылғалдылығы
84.	вода загрязненная	ластанған су
85.	вода запертая	қамау су
86.	вода малая	тартылған су
87.	вода межмерзлотная	тоңаралық су
88.	вода незамерзающая	қатпайтын су

89.	вода озерная	көл суы
90.	вода подледниковая	мұздықасты су
91.	вода подпочвенная	топырақасты суы
92.	вода речная	өзен суы
93.	вода термальная	термал су
94.	вода техническая	техникалық су
95.	вода техногенная	техногендік су
96.	воды трещинные	жарықшақ суы
97.	воды трещинно-карстовые	жарықшақ-оқпа суы
98.	вода фильтрационная	сүзгіленген су
99.	воды шахтные	шахта суы
100.	водогрейные котлы	сужылытқыш қазандықтар
101.	водоем	суайдын
102.	водоем остаточный	қалдық суайдын
103.	водолаз	сүңгуір
104.	водолазная маска	сүңгуір бетпердесі
105.	водолазное снаряжение	сүңгуірлік құрал-жабдықтар
106.	водолазные работы	сүңгуірлік жұмыстар
107.	водолазные трапы	сүңгуірлік басқыш
108.	водолазный инструмент	сүңгуірлік құрал-сайман
109.	водолазный колокол	сүңгуір қоңырауы
110.	водолазный костюм	сүңгуір костюмы
111.	водолазный пост	сүңгуірлік бекет
112.	водолазный скафандр	сүңгуірлік скафандр
113.	водолазный состав	сүңгуірлік құрам
114.	водолазный шлем	сүңгуір шлемі
115.	водомер	суөлшеуіш
116.	водомер крыльчатый	қанатты суөлшеуіш
117.	водомер многоструйный	көпағынды суөлшеуіш
118.	водомер трубный	құбырлы суөлшеуіш
119.	водоносный пласт	сулы қабат

120.	водообильность горных пород	тау жыныстарының сулылығы
121.	водообильность породы	жыныстардың сулылығы
122.	водоохранная зона	су қорғау аймағы
123.	водоочистка	суды тазарту
124.	водоросль	балдыр
125.	возникновение аварий	аварияның пайда болуы
126.	волна селевая	сел толқыны
127.	впадина бессточная	ағынсыз ойыс
128.	впадина коррозионная	жемірілген ойыс
129.	впадина межгорная	тауаралық ойыс
130.	впадина наложенная	қатпарлы ойыс
131.	врез селевой	сел жырғысы
132.	время локализации пожара	өрт оқшаулау уақыты
133.	время пожароопасное	өрт қаупі бар уақыт
134.	время сообщения	хабарлау уақыты
135.	вторжение воздушной массы	ауа массасының кеулеуі
136.	вулкан действующий	сөнбеген жанартау
137.	вулкан отпрепарированный	бедерлі жанартау
138.	вулкан потухший	сөнген жанартау
139.	вулканическое извержение	жанартау атқылауы
140.	высота волны	толқын биіктігі
141.	высота подъема уровня воды	су деңгейінің көтерілу биіктігі
142.	геопатогенная зона	геопатогенді аймақ
143.	геофизическая аномалия	геофизикалық аномалия
144.	геофизическое опасное явление	геофизикалық қауіпті құбылыс
145.	геоэкология	геоэкология
146.	гигиена катастроф	апат гигиенасы
147.	гидродинамическая авария	гидродинамикалық авария

148.	гидрологическое опасное явление	гидрологиялық қауіпті құбылыс
149.	гипоцентр	гипоцентр
150.	готовность медицины катастроф	апат медицинасының әзірлігі
151.	гуманитарная катастрофа	гуманитарлық апат
152.	естественная помеха	табиғи бөгеуіл
153.	естественное укрытие	табиғи пана
154.	железнодорожная авария	теміржол авариясы
155.	жертва пожара	өрт құрбаны
156.	загрязнение водной среды	суорта ластануы
157.	загрязнение почвы	топырақтың ластануы
158.	запроектная авария	жобадан тыс авария
159.	зона бедствия	зілзала аймағы
160.	зона катастрофического затопления	апатты су басу аймағы
161.	зона экологического бедствия	экологиялық зілзала аймағы
162.	зона экологического кризиса	экологиялық дағдарыс аймағы
163.	зона экологического риска	экологиялық қауіп-қатер аймағы
164.	зона экологической катастрофы	экологиялық апат аймағы
165.	катастрофические наводнения	апатты су тасқыны
166.	крышка люка аварийного покидания	авария кезінде шығатын люк қақпағы
167.	лесной пожар радиоактивный	радиоактивті орман өрті
168.	лесные горючие материалы	орманның жанғыш материалдары
169.	лесные пожары	орман өрті
170.	степные пожары	дала өрті

171.	медицина катастроф	апат медицинасы
172.	мониторинг лесных пожаров	орман өрті мониториңі
173.	моренное озеро	мұздақ көл
174.	облучение природное	табиғи сәулелену
175.	оледенение	мұз басу
176.	опасное геологическое явление	қауіпті геологиялық құбылыс
177.	опасное гидрологическое явление	қауіпті гидрологиялық құбылыс
178.	опасное метеорологическое явление	қауіпті метеорологиялық құбылыс
179.	опасное природное явление	қауіпті табиғи құбылыс
180.	опасность пожарная	өрт қауіпі
181.	организация пожарной охраны	өрттен қорғауды ұйымдастыру
182.	организация пожарных исследований	өртті зерттеуді ұйымдастыру
183.	осадки (ЧС)	жауын-шашын (ТЖ)
184.	освещение аварийное	авариялық жарықтандыру
185.	паводочная волна	тасқынсу толқыны
186.	плотина селеуловитель	сел тоқтату бөгеті
187.	подмерзлотные воды	тоңасты суы
188.	пожар лесной затяжной	ұзаққа созылған орман өрті
189.	природная опасность	табиғи қауіп
190.	природное стихийное бедствие	табиғи дүлей зілзала
191.	прогнозирование лесных пожаров	орман өрттерін болжау
192.	промышленная катастрофа	өнеркәсіптік апат
193.	противоселевая защита	селден қорғау
194.	риск природный	табиғи қауіп-қатер
195.	снежный занос	үрмеқар

196.	устранение последствий катастроф	апат салдарын жою
197.	ущерб экологический	экологиялық залал
198.	физическая защита	физикалық қорғау
199.	физический взрыв	физикалық жарылыс
200.	физическое поле	физикалық өріс
201.	физическое поражение	физикалық зақымдану
202.	фильтр порошковый	ұнтақты сүзгі
203.	центр медицины катастроф	апат медицинасы орталығы
204.	циркуляция естественная	табиғи циркуляция
205.	частота схода селей	сел жүру жиілігі
206.	чрезвычайная лесопожарная ситуация	төтенше орман өрті жағдайы
207.	экологическая война	экологиялық соғыс
208.	экологическая катастрофа	экологиялық апат
209.	экологическая опасная ситуация	экологиялық қауіпті жағдай
210.	экологическая угроза	экологиялық қатер
211.	экологический опасный объект	экологиялық қауіпті объект
212.	экологическое бедствие	экологиялық зілзала
213.	экологическое воздействие	экологиялық әсер
214.	экологическое обеспечение	экологиялық қамсыздандыру
215.	экология пожарная	өрт экологиясы
216.	экстремальные ситуации	экстремал жағдай
<b>Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі ұсынған терминдер</b>		
217.	автомобильный маркетплейс	автомобиль маркетплейсі
218.	базовая ставка ЛИБОР	ЛИБОР базалық мөлшерлемесі
219.	безвозвратный грант	қайтарымсыз грант
220.	безвозмездный договор	өтеусіз шарт
221.	бюджетные вливания	бюджеттік құйылым

222.	воспроизводство (эконом.)	ұдайы өндіріс (эконом.)
223.	диспаритет	диспаритет
224.	имущественное положение	мүліктік жағдай
225.	котировка акций компании	компания акцияларының баға белгіленімі
226.	кустовые совещания	шоғырлық жиындар
227.	кэптивные фонды	кэптив қорлар
228.	ловушка среднего дохода	орташа кіріс тұзағы
229.	нишевые стартапы	тауашалық стартаптар
230.	обострение санкций	санкциялардың өршуі; санкцияларды өршіту
231.	однбокость структуры экономики	экономика құрылымының біржақтылығы
232.	опережающий темп роста объемов импорта	импорт көлемі өсуінің озыңқы қарқыны
233.	пайплайн (эконом.)	пайплайн (эконом.)
234.	пик кризиса	дағдарыстың шарықтау шегі
235.	пожнивные остатки	егін қалдықтары
236.	потенциальная уязвимость	ықтимал осалдық
237.	поточное производство	үздіксіз өндіріс
238.	прогноз суверенного кредитного рейтинга	егемен кредиттік рейтинг болжамы
239.	прогрессирующая рыночная экономика	үдемелі нарықтық экономика
240.	развитие апексных механизмов	апекстік тетіктерді дамыту
241.	толлинговые услуги	толлиндік қызмет көрсету
242.	турбулентный период	турбуленттік кезең
243.	узкоспециализированный центр	бір бағытта мамандырылған орталық
244.	форма параллельного кредитования	параллел кредиттеу нысаны



<b>Экономика, қаржы, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау салаларында қолданылатын терминдер</b>		
245.	возмещение	өтем; өтеу
246.	выплата	төлеу; төлем
247.	доплата	қосымша ақы
248.	надбавка	үстемақы
249.	оплата	ақы төлеу; ақы
250.	платеж	төлем
251.	плата	төлемақы
252.	премия	сыйлықақы
253.	прибавка	үстеме
254.	уплата	төлеу

**ШЕРУБАЙ ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ**

*ҚР ҰҒА академигі,*

*филология ғылымдарының докторы, профессор*

**ҒЫЛЫМ ТІЛІНДЕГІ ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ  
САБАҚТАСТЫҒЫ**

**Андатпа.** Мақалада ұлттық ғылым тілінің қалыптасу тарихы, оның әр кезеңінің өзіндік ерекшеліктері сөз болады. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақтілді ғылыми мамандарды даярлаудағы жетістіктер мен проблемалар көрсетіледі. Қазақ тілін ғылым тілі ретінде дамытуға, жетілдіруге қатысты ұсыныстар беріледі.

**Кілт сөздер:** *ғылым тілі, термин, терминология, ғылыми маман, диссертация, маман даярлау*

**Abstract.** The article examines the history of the formation of a national language of science, highlighting the characteristics of each historical period. It analyzes the achievements and challenges in preparing Kazakh-speaking scientific specialists since independence. Recommendations for developing and strengthening Kazakh as a language of science are also presented.

**Keywords:** *scientific language, term, terminology, scientific specialist, dissertation, specialist training*

Қазақтың тілі мен ұлттық ғылымның ең бір өзекті мәселесі көтеріліп отыр. Бұл – ғылым тілі. Қазіргі ғылым мен технология ғасырында ұлт тілінің ғылыми қарым-қатынастың, ғылыми білімді сақтау мен оны жеткізудің құралы болуы – оның өмір сүруінің, сұранысқа ие болуының басты шарты. Қазақ тілінің сапалы білім алуға, түрлі ғылымды игеруге әлеуеті де, мүмкіндігі де толық жетеді. Білім беру мен ғылым саласында қолданылып та жатыр. Алайда тілдің ғылым саласындағы

қолданысын кеңейту, оны заман талабына сай ғылым тілі ретінде дамыту мен жетілдіре түсу жолында әлі де атқарылатын істер аз емес. Осы тұрғыдан келгенде, дәстүрді де ескеріп, жаңашылдықтан да бас тартпауымыз қажет.

Дәстүр туралы айтқанда бізге, ең алдымен, қазақтың ғылым тілінің даму тарихын жан-жақты зерделеп, сол дәстүріміздің өзін анықтап, жалпы қай дәстүр жөнінде сөз қозғап отырғанымызды анықтап алуға тура келеді. Бұл мәселеде сонау көне түрік дәуірі мен Әл-Фараби өмір сүрген уақытты, одан бергі М.Қашқари, Ж.Баласағұн, А.Ясауи, А.Иүгүнеки, Ұлықбек және өзге де көрнекті тұлғалардың қаламынан туындаған орта ғасыр ескерткіштерін, оларды зерттеген ғалымдар еңбектерін де ескерген орынды. Ал біз өз мақаламызда ғылым тілінің соңғы бір ғасыр көлеміндегі даму дәстүрі мен қазіргі кезеңі туралы сөз етпекпіз.

Шоқан, Ыбырай, Абайдан кейін ғылыми-шығармашылықпен айналысқан зиялылар – Алаш қайраткерлері. Қазіргі ғылым тілінің негізін қалаған да солар. Сондықтан ХХ ғасырдың 10-30-жылдар аралығын ғылым тілі дамуының **Алаш кезеңі** деп атаған орынды. Алаш білімпаздары түрлі пәндер бойынша қазақ тіліндегі алғашқы төл оқулықтарды жазды. Сондай-ақ кейбір пән оқулықтарын, оқу құралдарын, көпшілікке арналған ғылыми-танымдық әдебиеттерді орыс тілінен қазақшаға аударды. Олардың аудармалары қазаққа барынша түсінікті, қазақша жазылғандай жатық, қазақ танымына сәйкестендіріп еркін аударылғандығымен ерекшеленеді. Онымен қоса Алаш оқығандары аударма сөздіктер мен терминологиялық сөздіктер де жасады. Осы еңбектері арқылы ұлт оқығандары қазақтың ұлттық ғылым тілінің – ғылыми, ғылыми-оқулық, ғылыми-анықтамалық, ғылыми-көпшілік шағын стильдерінің қалыптасуына негіз қалап берді. Оқулықтар мен ғылыми-танымдық, ғылыми еңбектерді жазу барысында Алаш білімпаздары түрлі ғылым салаларының терминдерін жасады. Алаш кезеңіндегі ғылым тіліне, терминологияға тән сипат ретінде мыналарды атауға болады: 1) сала терминдері негізінен (90%-дан астамы) қазақ тілінде жасалды; 2) шет тілінен енген терминдер қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне бейімделініп алынды; 3) оқулықтар

мен ғылыми еңбектердің тілі жатық, баршаға түсінікті болды. Орыс тілінен аударылған еңбектердің тілі қазіргідей аударма ықпалына қатты ұшырамады.

Алаш зиялыларынан кейінгі 30-жылдар мен 90-жылдар арасында қазақ тілінің ғылым тілі, техника тілі ретінде дамуына жол ашылды. Жоғары оқу орындарының көпшілігінде қазақ бөлімдері болмағандықтан, қазақтілді маман даярланбады. Соның салдарынан ғылыми кадр даярлауға да негіз жасалмады. Энергетика, техника, медицина, қаржы, экономика, ішкі істер, қорғаныс, арнаулы қызмет, байланыс, радиотехника, кибернетика, генетика сияқты ондаған салаларда қазақ тілінде кәсіби білім алған мамандар, инженерлер болмады. Сол себепті бұл салаларда ұлт тіліндегі терминдер қоры жасалып, қазақ тіліндегі терминжүйесі қалыптаспады. Советтік жүйенің білім беру мен ғылыми кадрларды даярлаудағы мұндай саясаты қазақ тілінің бұл салаларда кеңінен қолданылып, ғылым тілі ретінде өркендеуіне еш мүмкіндік бермеді. Қазақтілді ғалымдары мен мамандары жоқ салалардың қазақ тілінде жазылған оқулықтары мен ұлт тілі негізінде қалыптасқан терминологиясының болуы да мүмкін емес еді.

Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ мектептерінің саны артып, ЖОО-ларда қазақ бөлімдері ашылып, ғылымның түрлі салалары бойынша қазақтілді мамандар даярлау ісі біртіндеп қолға алына бастады. Қазақ тілін білетін аздаған алдыңғы буын ғалымдар мен 90-жылдардан кейін ғылымға келген жас ғалымдар, сала мамандары еңбектерін қазақша жазып, термин жасауға араласа бастағандықтан кейбір салаларда бұрынғымен салыстырғанда біршама ілгерілеушілік байқалады. Қазақтілді ғалымдар мен мамандардың авторлығымен ғылыми мақала, оқулық, монографиялар жазылып, терминологиялық сөздіктер шығарылып жатыр. Алайда олардың үлесі әлі де өте төмен екенін айтпасқа болмайды. Соған сәйкес қазақ тілінің жаратылыстану, техника ғылымдары салаларындағы қолданысы айтарлықтай кеңіп, біз күткен нәтижеге жете қойған жоқ. Ендеше қазіргі қазақ тілінің ғылымның барлық салаларындағы қолданысын нақты зерделеп, алдағы уақытта оның өрісін кеңейтудің жоспарын белгілеп, соған сәйкес жүйелі жұмыс жүргізілуі қажет.

Осы үш кезеңдегі ғылым тілін дамытудағы дәстүр ерекшелігін ғы-

лым тілінің өзегі, жон арқасы саналатын терминологияны қалыптастыруда ұстанған бағыт-бағдар мен басшылыққа алынған ғылыми қағидаттар негізінде барынша ықшам кесте түрінде былай көрсетуге болады.

<b>Ұлттық терминқор қалыптастырудың кезеңдік ерекшеліктері</b>		
<b>Алаш кезеңі (1910-30)</b>	<b>Совет кезеңі (1930-90)</b>	<b>Тәуелсіздік кезеңі (1991-жылдан бері)</b>
1. Қазақ тілінде термин жасау ( <i>өсімдіктану, сәрсемдеме, пішіндеме, әдебиет танытқыш, қырағы түтік, күн қотаны, жер білімі (география), теміртас, құбылнама және т.б.</i> ).	1. Совет халқына ортақ <b>жалпыкеңестік терминқор</b> қалыптастыру	1. Советтік дәстүр жалғасып жатыр
2. Туыстас түрік тілдерінен сөз алу	2. Халықаралық терминдерді, орыс сөздерін қазақ тілінде де орыс орфографиясы бойынша өзгеріссіз жазу ( <i>революция, коммунист, пролетариат, совет т.б.</i> ).	2. Алаш ұстанымы ішінара іске қосылды ( <i>хаттама, ұшақ, егемен, мәтін, зауыт, пойыз және т.б.</i> )
3. Кең тараған еуропа тілдері сөзін қазақ тіліне бейімдеп алу ( <i>сыйпыр, іспектір, пөліс, пыланет, электір және т.б.</i> )	3. Орыс тілін термин алатын негізгі сыртқы көз ретінде тану. Шығыс ( <i>араб, парсы</i> ) және түрік тілдерінен термин алмау.	3. Түпнұсқа тілге ( <i>ағылшын</i> ) тікелей жүгіну. ( <i>system (жүйе емес), приваттау (жекешелендіру емес), бәнкиң, пәркиң және т.б.</i> ). Бұл үрдіс діни терминдерді қабылдауда да байқалады ( <i>Аллаһ, ифтар және т.б.</i> )

М.Әуезов 1918 жылы «Абай» журналының №7 санында жарияланған «Ғылым тілі (научный термин)» деген мақаласын: «Ғылым тілі – бұл уақытқа шейін қазақ оқығанының бір қалыпқа қойып, бір негізге құра алмай келе жатқан мәселесінің бірі» деп бастап: «Қазіргі қазақ тіліндегі оқу екі ағысқа бөлініп барады. Бірі – мұсылманша оқығандардың жолы. Ғылым тілін арабшаға, мұсылман негізіне тартады. Екіншісі – орысша оқығандар жолы, ғылым тілін орысшаға, Европа негізіне тартады. Бұл жік – тәртібі бастауыш мектептердің һәм курстардың оқуында айқын білініп отыр. Әркімнің өз білген негізіне тартатыны мәлім нәрсе. Мұсылманша оқыған мұғалім Европаның ғылым тілін білмейді, орысша оқыған учитель мұсылманшаны білмейді. Осыдан ошақтың үш бұтын үш жаққа тартып отырғандық – ғажаптанарлық нәрсе емес. Бірақ салыстырып, осы екі жолдың бірін алып, бәріміздің бетіміз бір жөнге сайып келуі мұқтаж. Бұл мұқтажды ұғу – бәрімізге парыз». (М.Әуезов. «Ғылым тілі (научный термин)». «Абай» журналы, 1918 жыл №7.).

Біріншіден, осыдан бір ғасырдан астам (105 жыл) уақыт бұрын шешімін таппаған ғылым тілінің мәселелері бүгін де толық шешілді дей алмаймыз. Оған негізінен кеңестік кезеңдегі 70 жыл ішінде қазақ тілінің ғылым мен техниканың көптеген салаларында қолданылмауы, қазақтілді ғылыми кадрлар даярланбауы себеп болды.

Екіншіден, қазақтың ұл-қызы жоғары білімді қазір Қазақстанда ғана емес, Еуропа, Америка, Қытай мен Сингапурда, Ресей, Түркия мен араб елдерінде де алып жатыр. Еліміздің тілдік палитрасы бұрынғыдан да байып түрлене түсті. Қазақстанның ғылыми кеңстігіндегі мамандардың білім алған ортасы, ғылыми мектебі, кәсіби тілі әралуан болғандықтан, ғылым тілін пайдалану мен оны дамыту, терминологияны жетілдіру тұрғысындағы олардың көзқарастары да бір арнаға тоғыса бермейді. Мұндай әралуандықтың өзіндік артықшылықтары, ұтымды тұстары да болуы мүмкін екенін жоққа шығаруға болмас. Алайда тіл мүддесі, ғылым тілінің қолданысы тұрғысынан қарағанда, ойланатын мәселелер туындайтынын ескермеске болмайды. Шет елдерде білім алып елге келген мамандар, мүмкіндігінше, өзі маманданған кәсіби тілін, өзі жақсы қолдана білетін тіл-құралын, солардың орныққан терминологиясын көбірек қолданғысы

келеді. Мәселен, Америка мен Еуропа елдерінде білім алып келген білікті мамандар ғылыми мақалаларын ағылшын тілінде жазып, шетелдік рейтингі жоғары ғылыми журналдарда жарияланғанды құп көрсе, Ресейде білім алғандар еңбектерін орысша жазады. Олардың кәсіби біліктілігіне, жарияланымдарының сапасына күмән келтіруден аулақпыз. Мұндай мамандардың отандық ғылымды дамыту мен зерттеулер сапасын көтеруге қосар үлесі мол. Ал енді қазақ тілінің ғылым саласында қолданылуы мен ұлттық терминқор жасау тұрғысынан қарар болсақ, олардың басым бөлігі бұл мәселеге атсалысуды өздеріне міндет санамайды. Бұл тұрғыдан келгенде бүгінгі ғылыми кеңістіктегі тілдік ахуал ХХ ғасыр басындағыдан да күрделірек десек болады. Совет кезінде қалыптасқан орыстілді ғылыми қауым ғылыми еңбектерін орыс тілінде, әлемдік ғылыми кеңістікте айқын басымдығын танытып тұрған ағылшын тілінде білім алғандар ағылшын тілінде, өз еліміз бен Түркияда білім алған мамандар қазақ және түрік тілінде жазып, өз кеңістіктерінің ауқымын тарылтпай, қайта кеңейте түскісі келеді. Бізге кәсіби тілі әртүрлі болғанымен, отандық ғылымның өркендеуіне қал-хадерінше үлес қосып жатқан осы ғылыми қауымның әлеуетін барынша пайдалана отырып, қазақтың ғылым тілі мен терминологиясын дамытып, бір жүйеге түсіруден өзге жол да, таңдау да жоқ. Түптеп келгенде бұл біздің ұлтымыздың, тіліміздің, отандық ғылымның тағдыры.

М.Әуезов осы мақаласында: «Біреу оңға, біреу солға тартып, илей бергенге көне беретін ғылым жолы – терінің пұшпағы емес. Әуелде қалай беттесе, көп уақытқа шейін сол бетінде жол болып бекіп қалады. Сол себепті қазақ оқуының бетіне қандай жаңалық кіргіземіз десек те, әуелі кеңінен толғап ойланбай іс қылудың артынан талай аурулы мәселе туып кетуін ұмытпау керек» деп ескертіп еді.

Соны уақытында ескермегендіктен, солай болды да. Орыс емлесі бойынша жазылып, мектеп, жоғары оқу орындары арқылы санаға сіңірілген мыңдаған кірме терминдер мен соларды жазу үшін енгізілген қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне тән емес басы артық кірме таңбалар – соның айқын дәлелі. Олар қағаз бетінде ғана емес, мыңдаған адамдардың санасында бекіп қалды. Ондай терминдер мен таңбаларды естіп, жазуға көпшіліктің көз-құлағы әбден үйреніп қалғандықтан, қазір әліпбиді

ықшамдап, соған сәйкес жаңа емле ережелерін жасап енгізуге кедергі келтіріп, М.Әуезовше айтқанда «аурулы мәселе» туғызып отыр.

Терминология, ғылым тілі, емле мәселесінде жан-жаққа тартпай, барлық пікірлерді ескеріп, келісіп-кеңесе отырып ортақ шешімге келіп, ғылым тілін жетілдіру мен терминологияны қалыптастырудың ғылыми қағидаттарын орнықтыру қажет.

Ұлттық ғылым тілінің өркендеуі ғылыми кадрларға тікелей тәуелді. Қазақ тілін жетік меңгерген, кәсіби қызметінде оны еркін пайдалана алатын ғылыми қызметкерлерді, ғалымдарды даярлау – ұлттық ғылым тілінің өрісін кеңейтудің, оның түрлі ғылым салаларындағы қолданысын қамтамасыз етудің ең негізгі тетігі. Қазақша баяндама жасап, дәріс оқитын, оқулықтарын, оқу құралдарын, монографиялары мен ғылыми мақалаларын қазақ тілінде жазатын доцент-профессорлар, зерттеуші-ғалымдар ғана түрлі ғылым салаларының терминдерін жасап, қазақ тілінің ғылым саласындағы қолданысын кеңейте алады. Ондай мамандарды даярлауға да негіз, алғышарт қажет. Ол мектептен басталады.

Еліміздегі барлық оқушылардың саны – **3 518 664**. Олардың **2 342 277**-сі (**66,5%**-ы) қазақ тілінде, **1 082 479**-ы орыс тілінде оқиды. Ұлты қазақ оқушылардың **84%**-ы (2 729 858 оқушының 2 288 488-і) ана тілінде оқиды. Сонымен қатар 53 мыңнан астам өзге ұлт өкілдерінің балалары қазақ мектептерінде оқиды. Бұл оқушылар біздің ғылым тілінің болашағы, іргетасы. Осы көрсеткішті (**66,5%**-ы) негізге ала отырып, жоғары білімді мамандар мен ғылыми кадрлар даярлауды жоспарлауға болады.

Бұдан кейінгі қадам осы **66,5%**-дың жоғарғы білімді де қазақ тілінде алуына барынша мүмкіндік туғызу қажет. Ол ЖОО-лардағы қазақтілді оқытушы-профессорлар қауымының кәсіби біліктілігі мен қазақ тілінде білім берудің сапасын көтеру, оқу орнының материалдық-техникалық базасын нығайту деген сөз. Әсіресе білім алушыларды қазақ тіліндегі сапалы оқулықтар, мамандығын толық меңгеруге мүмкіндік беретін қажетті ғылыми-оқулық әдебиетпен қамтамасыз етудің маңызы өте зор. Біздің қолда бар кейбір деректерге қарағанда, қазіргі ЖОО-лар кітапханаларындағы қазақ тіліндегі оқулықтар (кітап қоры) **39,7%**. Ал



қазақ тілінде білім алушылар саны – **75%**. Мұнда сәйкессіздік бар екені көзге ұрып тұр. Міне кезек күттірмей шешілуге тиіс мәселенің бірі осы болуы керек.

Ал енді еліміздегі ғылыми кадрларды даярлаудың соңғы 10 жылдағы жағдайы қандай деген мәселеге келсек, деректер мынаны көрсетеді. 2012-2023 жылдар аралығында ғылымның түрлі салалары бойынша 3888 докторлық (PhD) диссертация қорғалған. Оның 1388-і (35,7%-і) қазақша, 2323-і (59,75 %-і) орыс тілінде, 177 (4,55 %-і) диссертация ағылшын тілінде жазылған.

Соңғы бір жылдағы ғылыми кадр даярлау нәтижесі мынадай: 2023 жылы ұлттық университеттерден өзге оқу орындарында **234** диссертация қорғалған. Солардың **92-сі** (39,32%) қазақ тілінде, **134-і** (57,26%) орыс тілінде, **8-і** (3,42%) ағылшын тілінде қорғалған.

Бұл статистикалық мәліметтер қазақтілді ғылыми кадрлар даярлаудың қазіргі жай-күйін көрсетумен қатар, алдағы жылдардағы жұмысты жоспарлауға да мүмкіндік береді.

Сөзімізді қорытындылай келіп, жоғарыдағы талдаулар негізінде кейбір ұсыныстарымызды айта кетсек дейміз. Олардың негізгілері мыналар:

1. Қазақстан Республикасының ҒЗИ мен ЖОО жанындағы диссертациялық кеңестерінде қазақтілді ұлттық ғылыми кадрларды даярлаудың (магистр, PhD) алдағы әр 5-10 жылға арналған нақты жоспарын бекітіп, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, Ғылым комитеті әр жыл сайын сол жұмыстың орындалуын жүйелі түрде қадағалап отырса. Бұл – ғылымның барлық саласында қазақтілді ғылыми кадрларды даярлау мен ұлт тіліндегі ғылыми контентті қалыптастырудың аса маңызды тетігі болар еді.

2. ЖОО-лардың кітапхана қорындағы қазақ тіліндегі оқулықтар мен ғылыми монография, диссертация, оқу-әдістемелік құралдардың санын анықтап, оларды жыл сайын мақсатты, жоспарлы түрде қаржы бөліп көбейтіп отыру жөнінде ректорларға міндеттелсе. Ректорлар есебінде қазақ тіліндегі ғылыми-оқулық әдебиеттер қорын қалыптастыру ЖОО жұмысын бағалаудың негізгі рейтингтерінің бірі ретінде қаралып, қадағаланып отырғаны жөн.

3. Қазақстанда ғылымның түрлі салалары бойынша сапасы скопус базасына енген журналдардан кем түспейтін және сол базаға енген ғылыми журналдар шығару қажет. Онсыз қазақтілді ғылыми мақалалар молайып, сапалы ғылыми контентті қалыптастыруға негіз қаланбайды. Министрлік осы мәселені шындап қолға алуы керек деп санаймыз.

4. ЖОО-лар мен ҒЗИ-ларда өтетін түрлі мәжілістер, дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар, конференциялар мен дөңгелек үстелдердің қазақ тілінде өтуі де есепке алынып, қазақтілді ғылыми ортаны қалыптастыруға жете көңіл бөлініп, бұл да есеп беру кезінде ескерілгені жөн.

Осы сияқты жұмыстар жоспарлы түрде жүзеге асырылса, қазақ тілінің ғылым тілі ретінде дамуына, қазақ тіліндегі ғылыми контенттің қалыптасуына негіз қаланар еді деп білеміз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Әуезов М. Ғылым тілі (научный термин)// «Абай» журналы, 1918 жыл №7.

2. Құрманбайұлы Ш. Қазақтың ғылым тілін дамытудың негіздері// «Қазақ тілін ғылым тілі ретінде дамытудың өзекті мәселелері» атты республикалық әдістемелік семинардың материалдары//«Мектеп оқулықтары: пән терминдерін жетілдіру және біріздендіру» республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. Электрондық жинақ. Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы. – Астана, 2023. 113-118-б.

## ГҮЛШАТ ТҮСПОВА

*«Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» КеАҚ ғалым хатшысы, филология ғылымдарының кандидаты, PhD*

### ШАЙСҰЛТАН ШАЯХМЕТОВ ЖӘНЕ ТЕРМИНОЛОГИЯ САЛАСЫ

**Аңдатпа.** Мақалада терминология саласына үлкен үлес қосқан Шайсұлтан Шаяхметовтің шығармашылық жолына шолу жасалады. Ғалымның химия саласының терминологиясына қатысты еңбегінің кейбір ерекшеліктері баяндалады.

**Кілт сөздер:** *Шайсұлтан Шаяхметов, химия терминологиясы, сөздіктер*

**Abstract.** The article examines the creative path of Shaysultan Shayakhmetov, who made a great contribution to the field of Kazakh terminology. Some features of the scientist's work related to the terminology of the chemistry field are described.

**Keywords:** *Shaysultan Shayakhmetov, chemistry terminology, Kazakh dictionaries*

#### Кіріспе

Шайсұлтан Шаяхметов – тәуелсіздік алғаннан кейінгі тұңғыш Білім министрі, химия ғылымдарының докторы, профессор. Ол – 1989 жылы Алматы қаласында өткен 1-ші құрылтайда құрылған қазақ тілін, қазақ мәдениетін, қазақ әдебиетін, Қазақстан тарихын оқып-үйренуге, әдет-ғұрпын, тұрмыс-салтын сақтап, оны одан әрі дамытуға ықыласты қазақ және басқа ұлт өкілдерінің басын біріктіретін халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының құрылуына ұйытқы болған тұлғалардың бірі.

1990 жылы «Қазақстан коммунисті» журналында «халқымыздың өзіне тән ұлттық ерекшеліктеріне, тіліне, мәдениетіне қауіп төнуі республикамыздың экономикалық, әлеуметтік, демографиялық жағдайларымен қат-қабат байланысты ұлғайып отырды. Жасыратыны жоқ, қазақ тілін дамыту мәселесі, оны балабақшаларда, оқу орындарында оқып-үйренуді жақсарту жайы, ұлттық әдет-ғұрыптарды, салт-дәстүрлерді қадірлеп-қастерлеу, дәріптеу көптеген жылдар бойы үкіметіміздің, тиісті министрліктер мен ұйымдардың, мекемелердің, халық ағарту орындарының назарынан тыс қалып келді»-деп жаза отырып, республикадағы қазақ мектептерінің қысқару мәселесіне де тоқталады. Ойын дамыта келіп, «Ендігі жерде негізгі қимыл-әрекетімізді біз осы олқылықтардың орнын толтыру жолында жүргізгеніміз абзал», - деп қорытындылайды.

1998 жылы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің жанынан Республикалық мемлекеттік тілді жеделдетіп оқыту орталығы құрылып, оның құрылуына бастамашы болған Ш.Шаяхметов басшы болып сайланды. Қазір орталық Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығына айналды.

Сонымен қатар «Болашақ» Халықаралық бағдарламасының алғышарттарын жасаған тұлға ретінде де Ш.Шаяхметовті атап өту қажет. Ол 1991 жылы Білім министрі ретінде АҚШ, Қытай, Германия, Польша, Испания сынды 15 мемлекетпен келісімшарт аясында мамандарды оқыту тәжірибесін бастаған.

Ш.Шаяхметов – терминология саласына үлес қосқан ғалымдардың бірі. Ол химия мамандығы бойынша екі салалық сөздік құрастырған.

Химия саласын зерттеуші И.Нұғыманов қазақ тіліндегі химиялық терминдердің қалыптасуын шартты түрде үшке бөледі:

- 1) 1920-1933 жылдарды қамтитын алғашқы кезең;
- 2) 1934-1949 жылдар аралығындағы кезең;
- 3) 1950-1964 жылдар аралығындағы кезең [2, 24].

Бірінші кезеңде қазақша химия оқулықтарын жазумен қоса, орыс тіліндегі химия оқу құралдарын қазақшаға аудару ісі қарқынды жүрді. Соған орай термин жасаудың мынадай тәсілдері болды. Біріншіден, заттардың бұрыннан келе жатқан тұрмыстағы атауларын пайдалану,

яғни сөздер жаңа мағынаға ие болып, заттармен бірге оларды құрайтын химиялық элементтерді және олардың қосылыстарын атау үшін қолданылды. Екіншіден, Қазан төңкерісіне дейін жарық көрген атаулар пайдаланылды. Үшіншіден, біраз химиялық элементтер мен олардың қосылыстарының аттары калька жасау арқылы алынды. Осы кезеңде қазақтың химиялық номенклатурасының негізі қаланды.

Екінші кезеңде, яғни 1933-1949 жылдары, қазақ тіліндегі химиялық терминдердің молаюы және әрі қарай жетілуі жүзеге асты. Бұған әсер еткен біраз іс-шаралар өтті. Тілдегі ғылыми терминологияның орнын, маңызын, жасалу принциптері мен даму перспективаларын анықтау мақсатымен республика көлемінде бірсыпыра жиындар мен талқылаулар өтті. Мемлекеттік терминология комиссиясы құрылып, 1935 жылы қазақ тілі және оның терминологиясы жөнінде съезде арнайы мәселе қаралды. Мемлекеттік терминология комиссиясының төрт бюллетені жарық көрді. Бұларда және бұдан кейін жарияланған тіл мамандарының мақалаларында термин сөздердің ерекшелігі, оларды жасаудың және орыс тілінен аударудың қағидаттары сарапталды. Сонымен қатар екі тілді сөздіктер құрастыру қолға алынды. Терминдерді химиядан ғылыми дәрежесі және жоғары білімі бар мамандар жасады. Көптеген химия саласының оқулықтары жазылды. 1950-1964 жылдарды қамтитын кезеңде химиялық терминдер саны молайып, қазақ химия ғылымын толық қамтитын дәрежеге жеткен.

Жаңа статистикалық деректердің көбі химия саласы терминдерге пәрменді толығып отыратынын айтады. 2000-шы жылдарға дейін белгілі болған терминдер саны 5 миллионға жеткен. Ал Нұрахметов және Шаяхметов сынды ғалымдар пікіріне сүйенсек, әр жыл сайын дүние жүзінде химия саласында 3-5 проценттей жаңа термин қосылып отырады [3, 3].

Республикамызда қазақ тілінде оқытылатын мамандықтардың көбеюіне, мектептердің ашылуына, шәкірт санының молаюына байланысты әр ғылым саласындағы мазмұнды үздіксіз жаңартып отыру қажет. Ғылым саласындағы мазмұнды жаңарту – терминдерді реттеп аударудан басталады.

Ш.Шаяхметов Н.Нұрахметовпен бірге жазған «Химия және химия-

лық технология терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігіне» 60-шы жылдардан бері қолданыста жүрген терминдерді талдап, қажетінше толықтырып жаңадан 2500 терминге ғылыми түсінік жасап енгізген. Бұған дейін химия саласындағы қазақ тілінде ресми бекітілген термин саны 4000 болатын. Бұл саладағы алғашқы жүйелі орысша-қазақша сөздікті 1960-шы жылдары Б.А.Бірімжанов пен С.Т.Омаров жасаған еді.

Н.Нұрахметов пен Ш.Шаяхметов сөздігінде терминдер аудармасы теориялық және қолданбалы химияның халықаралық одағы және химия саласындағы номенклатуралық ережелер талаптарына сай әрбір химиялық қосылыс атауы жүйеленген қағидатпен берілген. Сөздікке қазақ тілінде бұрыннан қолданылып келе жатқан, ең кең таралған дәстүрлі атаулардың біразы енген. Сөздікті құрастыру барысында тек терминдермен ғана шектелмей, химиялық технологияның ең басты процестерінде қолданылатын ұғымдарды да сұрыптап, қосқан.

Терминологиялық сөздікте, сонымен қатар, химия ғылымының басты салалары – аорганикалық химия мен полимерлер химиясы қамтылған. Әр сөздің түсіндірмесімен қоса, сол сөзге тән ең басты сипаттар түсіндірілген. Соған қарамастан, сөздік алдыңғы сөздіктерге қарағанда ықшам.

Терминдерді қазақшаға аудару қағидаттарына келсек, сол кезеңде қазақ тілінде қалыптасқан дәстүрлі жолдар ұстанылған. Халықаралық тілде кең таралған терминдер қазақшаға да сол қалпында өзгеріссіз, не түбірі сақталып алынған. Жаңадан аударылған сөздердің баламалары барынша қазақ тілінің сөздік қорынан алынған. Сөздіктегі терминдердің орналасу реті ғылыми-техникалық әдебиетте қалыптасқан ережеге сай, әріптік-ұяластық жүйемен берілген.

**Қорытынды.** Шайсұлтан Шаяхметовтің қатысуымен жасалған химия саласындағы терминдер сөздігі - ЖОО-лардағы көпжылдық ұстаздық, қызметкерлік тәжірибені ортаға салып жинақтаған, ғалымдар, ЖОО оқытушылары мен шәкірттеріне, өнеркәсіп пен техника мамандарына, одан өзге жалпы салаға қызығушылық танытатындарға арналған іргелі еңбек. Мұнда бұрын-соңды жарыққа шыққан қазақ тілінің

терминдері барынша жүйелі қамтылып, сөздік қорымыз көптеген жаңа терминдермен толыққан. Саладағы 30 жылдан аса үзілістен соң жарыққа шыққан бұл еңбек – тәуелсіздік алған соң жарыққа шыққан химия саласының болашақ сөздіктерінің бастамасы, мұрындығы болды.

**Пайдаланылған әдебиет:**

1. А.Ахметжан. (2022) *Қазақ тіліндегі химия пәні терминдерінің қалыптасуы және оның қазақ тілі заңдылықтарымен байланысы*. <https://termincom.kz/articles/?id=138> (цифрлық дереккөз).
2. И.Нугуманов. *Язык химии и основы его функционирования в процессе обучения*: автореф. док. пед. наук. Алматы, 1993. – 48 б.
3. Н.Нұрахметов, Ш.Шаяхметов. *Химия және химиялық технология терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі*.– Алматы: Қайнар, 1993. – 320 б.

**БАҚЫТГҮЛ ЫСҚАҚ**  
*филология ғылымдарының кандидаты*

**«БЕКІТІЛГЕН ТЕРМИНДЕРГЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ»  
ЖОБАСЫ: НӘТИЖЕЛЕР, МІНДЕТТЕР**

**Аңдатпа.** Мақала терминдерді біріздендіру мақсатындағы бекітілген терминдерге мониторинг жүргізу мәселесіне арналған. 2022 жылдан бері жүзеге асырылып жатқан «Бекітілген терминдерге мониторинг жүргізу» жобасы мақаланың зерттеу нысаны болса, мақсаты – жобаның терминологияны біріздендіруде атқаратын рөлін көрсету, мониторинг нәтижелеріне талдау жасай отырып, өзекті мәселелерге Республикалық терминологиялық комиссия мүшелерінің, сала мамандарының, терминолог ғалымдардың назарын аудару.

Мақалада 1971-2019 жылдар аралығында қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша бекітілген терминдерге жүргізілген мониторинг бойынша статистикалық талдау жүргізіледі. Атап айтқанда, 1971-2019 жылдар аралығында мониторинг жүргізілген терминдердің жалпы сандық көрсеткіші, мониторингтен өтпеген терминдердің статистикасы (%-пен), шығу тегі бойынша үлес салмағы шығарылып, терминдердің мониторингтен өтпеу себептері нақты мысалдармен көрсетіледі. Термин нұсқаларының терминологиялық нормаларға сәйкестігін анықтау талаптары кестеде беріліп, мониторингтен өтпеген терминдердің сәйкессіздігі мысалдар арқылы талданады. Терминдердің шығу тегінің үлес салмағының статистикасы арқылы ұлттық терминдердің үлесіне баса назар аударылып, кемшіліктердің объективті, субъективті себептеріне шолу жасалады.

Қорытындыда мониторинг жүргізуші жұмыс тобының ұсыныстарына сілтеме жасау арқылы және автордың пайымдауымен сала бойынша Комиссия отырысындағы талқылау барысында терминдерді



---

бекіту үшін қандай мәселелерге басымдық беру керектігі айтылып, ұсыныстар жасалады. Мақалада статистикалық талдау әдісі басшылыққа алынған.

**Кілт сөздер:** *терминдерді біріздендіру, жоба, мониторинг, бекітілген терминдер, статистикалық талдау, нәтижелер, терминдердің шығу тегі.*

**Abstract.** The article is devoted to the issue of monitoring approved terms for the purpose of unification of terms. The object of the article is the project "Monitoring of approved terms", which has been implemented since 2022. The objectives of the work are to show the role of the project in the unification of terminology in the Kazakh language, as well as to attract the attention of members of the Republican Terminology Commission, industry experts, terminologists to the current issues of this process. The article is guided by the method of statistical analysis.

The article provides a statistical analysis of the monitoring of approved terms in the social and humanitarian direction in the period from 1971 to 2019. In particular, for the period from 1971 to 2019, the general quantitative indicator of controlled terms, statistics of uncontrolled terms (in%), the proportion by origin are given, and the reasons for uncontrolled terms are shown using specific examples. The requirements for determining the compliance of term variants with terminological norms are presented in the table, and the discrepancy between terms that have not passed monitoring is analyzed using examples. Through the statistics of the specific weight of the origin of terms, the emphasis is placed on the share of national terms and an overview of the objective and subjective causes of shortcomings is given.

In conclusion, it is indicated which issues should be given priority attention to approve the terms during the discussion at the meeting of the Commission on the industry. The proposals of the working group on monitoring and the author's reasoning are developed.

**Keywords:** *Unification of terms, Project, Monitoring, approved terms, statistical analysis, origin of terms.*

**Кіріспе.** Қазіргі уақытта титулды ұлт ретінде қазақтардың үлес салмағының артуы мемлекеттік тілде заңнамалық құжаттар, БАҚ, ғылым тілінің және т.б. сапалы қолданысын арттыруды қажет етіп отыр. Әсіресе ғылым тілін дамытуға байланысты қордаланған мәселелер жеткілікті. Бұл жерде қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру десек те, дамыту деп айтсақ та, мәселе салалық терминологияға келіп тіреледі. Әрине, ғылыми тіл бір ғана терминологиямен шектелмейтіні белгілі. Алайда терминдердің қалыптасуы, қолданылуы, біріздендірілуі ғылыми түсініктерді жеткізуде тіліміздің ішкі мүмкіндіктерін қаншалықты пайдалануға болатындығын айқындап береді. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, терминдердің қазақ тілінің ғылыми әлеуетін арттырудағы үлесі өз деңгейінде емес екені жасырын емес. Атап айтқанда, баламасыз шеттілдік терминдердің молдығы, шеттілдік терминдердің өз тілімізге бейімделмеуі, терминдердің сәтсіз аудармасы мен қолданысы, ғылым салаларының интеграциясы, экстралингвистикалық факторлардың әсері және т.б. ғылым тілін дамытуға кедергі келтіретіні анық [1.10-11]. Сондықтан да мәселе тек айтылып қойылмай, оны шешудің нақты жолы көрсетіліп, салмақты жобалар орындалып, ой саларлық ұсыныстар болғаны аса қажет. Осыған орай, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің тапсырмасымен Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығында 2022 жылдан бері орындалып жатқан **«Бекітілген терминдерге мониторинг жүргізу»** атты жоба терминологияны біріздендіруді, ұлттық ғылым тілін, нормативтік құжаттар, іс-қағаздар т.б. тілін жетілдіруді көздейді.

**Негізгі бөлім.** Жобада еліміздің ғылым, білім, тіл саласына қатысты нормативтік-құқықтық құжаттар және қазақ ұлттық терминологиялық қорын қалыптастырудың теориялық және практикалық негіздері (түгендеу, жүйелеу, реттеу т.б.) басшылыққа алынды. Атап айтқанда, 2020 жылдың қараша айында жобаны жүзеге асыруға дайындық мақсатында «Бекітілген терминдерге мониторинг жасау әдістемесі» тақырыбында семинар өткізіліп, онда еліміздегі терминолог, лингвист ғалымдардың қатысуымен «Бекітілген терминдерге мониторинг

жүргізу» әдістемелік құралы (авторлары Қ.Айдарбек, Б.Жонкешов) талқыланды, ұсыныстар берілді.

Жоба 2022 жылы қоғамдық-гуманитарлық бағыт салаларының бекітілген терминдеріне мониторинг жүргізуден басталды. Мониторингтің мазмұндық құрылымына арнайы бағдарламалық жасақтама әзірленді, онда термин атауы, дефинициясы, саласы, құрылымы, шығу тегі, терминнің бекітілген жылы, түрік, орыс, ағылшын тіліндегі аудармалары берілген (қараңыз: «termincom.kz» сайтының «Мониторинг» бөлімі).

## Мониторинг құрылымы

Термин қазақша	Дефиниция	Саласы	Құрылымы	Шығу тегі	Бек. жылы	Өзге тілдерде
заң терминологиясы	Заң шығару практикасы қолданатын қалыптасқан заң терминдерінің жиынтығы; бұл жалпы қолданылған, реттелген, біркелкі және тиісті түрде ресімделген, біртұтас заң терминдерінің жиыны.	заң	тіркесті термин	лат. juridicus – «соттық, сот» лат. terminus – «шекаралық тас, аралық таңба; шегара» және еск.-грек. logos – «сөз, ой, ұғым, тапқы, заң»	2016	<ul style="list-style-type: none"> <li>күридическая терминология</li> <li>legal terminology</li> <li>hukuki terminoloji</li> </ul>

2022-2023 жылдары 1971-2019 жылдар аралығында бекітілген қоғамдық ғылымдар терминдерінің саны мен көлемі нақтыланып, оларға түгендеу жұмысы жүргізілді [2.11-14].

*Кесте №1*

### 1971-2019 жылдар аралығында мониторинг жүргізілген терминдердің статистикасы

р/с	жылы	Бекітілген термин саны	Сала саны	Салааралық термин саны
1	1971-2014 ж.	6039	17	372

2	2015-2019 ж.	8001	16	87
<b>Барлығы</b>		14040		459

Екі жылғы жұмыс нәтижесінде 1141 термин (басқа саланың термині, терминологиялық бірліктер бір атаумен бірнеше рет бекітілген, прагматикалық, функционалдық және т.б. талаптарға сәйкес келмеуі, т.б.) мониторингтен өтпеді [2.19].

№2 кестеде 1971-2019 жылдар аралығында мониторингтен өтпеген терминдердің статистикасы берілген. 1971-2014 жылдар аралығында 392 бірлік, 2015-2019 жылдар аралығында 301 бірлік бірнеше рет қайта бекітілген.

*Кесте №2*

### **1971-2019 жылдар аралығында мониторингтен өтпеген терминдердің статистикасы (%-бен)**

р/с	жылы	Бекітілген термин саны	2 рет қайталанған термин саны	3 рет қайталанған термин саны	4 рет қайталанған термин саны
1	1971-2014 ж.	6039	348/88,8%	41/10,4%	3/0,8%
2	2015-2019 ж.	8001	301/95,3%	15/4,7%	0
<b>Барлығы</b>		14040	649/91,7%	56/7,9%	3/0,4%

Статистикадан байқағанымыздай, 1971-2014 жылдар аралығында бекітілген термин саны одан кейінгі уақытпен салыстырғанда азырақ болғанмен, терминдердің қайталанып бекітілу көрсеткіші жоғары. Оның бірінші себебі: «1990 жылдардан бері қарай термин жасау мен қалыптастырудың бұрынғы орныққан дәстүрлері бұзыла бастады. Қоғамның саяси-әлеуметтік, мәдени өмірінде болған түбегейлі өзгерістер ұлт тілінің ресми мәртебесін өзге деңгейге көтеруімен қатар, ғылыми-

техникалық терминологияны қалыптастыруда басшылыққа алынып келген қағидаларға да сол ұлт тілінің мүддесі тұрғысынан жаңаша қараудың қажеттілігін туғызды» [1.10]. Екінші себебі, терминқордың электрондық нұсқасы болмағандықтан, ол уақыттарда бекітілген терминдер жүйелі түрде терминқорға енгізіліп, талдап, екшелеу жұмысы жүргізілмеді.

«Бекітілген терминдерге мониторинг жүргізу» әдістемелік құралында авторлар:

«4) келесі қадам: термин нұсқаларының терминологиялық нормаларға сәйкестігін анықтау, мысалы:

Талап атауы	Мазмұны
<i>Терминдерге қойылатын семантикалық талаптар</i>	терминнің ұғымға сәйкес келуі; бірмағыналылық, яғни категориалдық көпмағыналылықтың болмауы; термин мағынасында мүмкіндігінше аз белгілердің қамтылуы
<i>Терминдерге қойылатын формалдық талаптар</i>	тіл нормасына сәйкестігі (фонетикалық, грамматикалық т.б. нормалар тұрғысынан дұрыстығы, кәсіби жаргонизмдерден ажыратылуы т.б.); лексикалық және формалдық қысқалығы (қысқа формасы); деривациялық қабілеті; формасының инварианттылығы; уәжділігі; жүйелігі
<i>Терминдерге қойылатын прагматикалық талаптар</i>	кәсіби коммуникациядағы қолданысы (қолданыс жиілігі мен жалпыға таныс, белгілі болу дәрежесі); қазіргі заманауи сипаты (көне терминдердің қазіргі заманауи баламаларымен алмастырылуы); айтылым ыңғайлығы (благозвучность)

[1.19]. талаптарды айқындайды және мониторингте осы талаптарды басшылыққа алады. Мысалы, 2018 жылы бекітілген **«антиглобализация-антижаһанданушылық»** термині семантикалық, прагматикалық, формалдық талаптарға сәйкес келмегендіктен, мониторингтен өтпеді, яғни кәсіби коммуникациядағы қолданысы, айтылым ыңғайлығы, тіл нормасына сәйкестігі, терминнің ұғымға сәйкес келмеуі есепке алынды. Дәл осы жылы **«антиглобализм»** термині қазақ тілінде де **«антиглобализм»** болып бекітілген. Қолданыстағы нұсқасы – **«жаһандануға қарсылық»**. Бекітілген термин **семантикалық, прагматикалық** талапқа сәйкес келмеуіне байланысты мониторингтен өтпеді. Сондай-ақ осы жылы бекітілген **«антиглобалист»** термині де **«антижаһанданушылық»** деп бекітіліпті. Қолданыстағы нұсқасы – **«жаһандануға қарсы шығушы»**. Бірақ, бұл термин техникалық қателіктен **«антижаһанданушылық»** деп жазылып кеткен, бекітілген нұсқасы – **«антижаһанданушы»** болуы керек. Әрине, бұл термин де **семантикалық, прагматикалық** талапқа сәйкес келмеуіне байланысты мониторингтен өтпеді. 2015-2019 жылдар аралығындағы семантикалық, прагматикалық, формалдық талаптарға сай келмейтін термин саны – 433.

Мониторинг жасау барысында қайталанған терминдерге негізгі тиісті сала белгісі қойылып, санаққа алынды. Мысалы, *абзац* бірлігінің негізгі саласы – лингвистика. Бұл термин басқа да салаларда белсенді қолданылғанымен, негізі – лингвистика термині. Сондай-ақ жұмыс тобы терминнің бірнеше нұсқасының ішінен қолданыс жиілігі жоғары терминді бірінші қойып, арнайы метабелгімен көрсетіп отырды.

Жұмыс тобы терминнің шығу тегі бойынша үлес салмағының да статистикасын шығарды.

## Шығу тегі бойынша үлес салмағы:

р/с	жылы	ұлт тілі негізінде	ұлт тіліне икемделу негізінде	кірме	гибрид	жалғау-жұрнағы ғана ұлттық
1	1971-2014 ж.	3447/ 57%	27/0,44%	717/ 12%	1522/ 25,2%	326/5,4%
2	2015-2019 ж.	3662/ 45,8%	118/1,5%	1744/ 21,8%	2007/ 25%	470/5,9%
<b>Барлығы - 14040</b>		7109/ 50,6%	145/1%	2461/ 17,5%	3529/ 25,1%	796/5,7%

№3 кестеге назар аударсақ, 2015 жылдан бері ұлт тілі негізіндегі термин пайызы азайып, кірме терминдердің үлес салмағы артқан. Оның басты себебі – тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мемлекеттік тілдегі қоғамдық-саяси терминдердің қолданыс деңгейінің артуы. Мысалы, 1993 жылы «*ассоциация-қауымдастық*», «*гвардия-ұлан*», «*вертолет-ұшақ*», «*беженец-босқын*», «*вознаграждение – сыйақы*» т.б. терминдері бекітілген. Аталған жылы жиыны 48 термин бекітілсе, соның ішінде 2018 жылы «*бартер-баснабас*», «*брокер-делдал*» терминдері «*бартер*», «*брокер*» болып қайта бекітілді. Қалған ұлт тілі негізінде жасалған 46 термин толық қолданысқа еніп, тіпті термин ретінде де, жалпыхалықтық атау ретінде де сәтті қолданысқа ие болды.

Дегенмен де тәуелсіздіктің алғашқы он жылында бекітілген терминдердің біразы қолданысқа түспегендіктен немесе басқа да себептермен кейіннен қайта бекітілді. Атап айтқанда, «*аукцион-бәссауда*» 2009 жылы бекітілсе, 2018 жылы «*аукцион*» деп бекітілген. Сондай-ақ, мысалы, «*анкета*» термині 1971-1981 жылдары «*анкета, сауал-сұрақ*», 1990 жылы «*сауал-сұрақ*», 2000 жылы «*сауалнама*», 2019 жылы «*анкета*», 2022 жылы «*анкета смешанного режима – аралас режим сауалнамасы*» деп бекітілген, яғни аталған термин 1971-2022 жылдар аралығында 5 рет бекітілген. Біздіңше, мониторинг қорытындысында соңғы жылдағы терминдік

тіркестегі бекітілуіне, заңнамалық құжаттардағы қолданыс жиілігіне байланысты *«сауалнама»* термині қайта-қайта бекітуге ұсынылмайтындай болып қалуы тиіс.

Жұмыс тобы соңғы нәтижені шығарарда осылардың ішінде қайсы нұсқаны қалдыру керектігін уәждеп отырып, нақтылауы қажет, мысалы, *«приемная»* – 1971-1981 жылдары *«қабылдау бөлмесі»* деп бекітілсе, 2000 жылы *«қабылхана»* деп, 2016 жылы *«қабылдау»* деп бекітілген. *«Абонентная задолженность»* термині 1971-1981 жылдары *«абоненттік борыш»*, 2004 жылы *«абоненттік берешек»* деп бекітілген.

Сонымен қатар жоғарыда айтқандай, қолданысқа сіңіп кеткен, бірақ базада екі түрлі бекітілген формада жүрген терминдер көптеп кездеседі, мысалы, *«адрес»* – *«мекен-жай»*, *«мекенжай»*, *«инвентарь»* термині *«мүкәммал»*, *«мұқаммал»* – *«құрал-сайман»*, *«құрал-жабдық»*, *«контекст»* – *«мәнмәтін»*, *«қызмет запискасы»* – *«қызметтік жазба»*, *«текст»* – *«мәтін»* және т.б. Мысалы, *«контекст»* терминінің этимологиясы латынның *«contextus»* *«өру, тоқу»* сөзінен шыққан [3.392]. Ал 2003 жылы бекітілген *«мәнмәтін»* терминнің бүкіл дефинициясын айқындап тұр. Ал бұл термин терминдік тіркес құрамында 2022 жылы *«мәдени контекст»*, *«жоғары контекстілік мәдениет»*, *«төменгі контекстілік мәдениет»* түрінде бекітілді. Бұл біздің жұмысымыздағы ортақ олқылық деп қарауымыз керек.

Мониторинг нәтижесінде бірқатар терминнің грамматикалық жағынан қай қолданысының дұрыс екені нақты берілуі қажет, мысалы, *«норматив грамматика»* немесе *«нормативті грамматика»*, *«Даму банкілері»* немесе *«Даму банкі»*, *«кредит қоржыны»* немесе *«кредиттік қоржын»*, *«валюта дағдарысы»* немесе *«валюталық дағдарыс»* және т.б. Орфографиялық ережеде мұндай жарыспалы нұсқадағы терминдік тіркестерді реттейтін, шетілдік терминдердің жазылуы мен олардың ұлт тіліндегі қосымшаны қабылдауын реттейтін параграфтарды қосу – кезек күттірмейтін мәселенің бірі.

**Қорытынды.** Қорыта айтқандай, жұмыс тобы бекітілген терминдерге мониторинг жасау барысында мынадай қорытынды жасады



және алдағы уақытта Республикалық терминологиялық комиссия осы жасалған қорытындыны ескерсе деген ұсыныс берілді:

1) терминнің терминологиялық жүйе саласына қатысы көп жағдайда ескерілмейді;

2) термин білдіретін ұғымның бірмағыналылығы мен дәлдігі терминологияға ғана тән. Терминдерді бекіту барысында аталған талап қатаң сақталуы қажет;

3) жүйелілік: кез келген термин белгілі бір терминологиялық жүйеге жатады. Термин өз мағынасында онда қолданылатын параметрлерге негізделеді;

4) тілдік дұрыстық: аталымдардың кез келген түрі мен категориясының белгілі бір үлгісіне сілтеме жасау заңдылығына негізделген сөзжасамдық құралдардың дұрыс қолданылуына мән беріліп, ол терминдерді бекіту барысында ескерілуі қажет;

5) қолданылуы немесе жұмсалымдық критерийі: қолданыс жиілігі тек заңдастырылған түрде (ресми құжаттарда) ғана реттеледі, алайда кей ғылыми дискурстардағы қолданылу басымдылығы ұлттық дәстүрмен, ауызша кәсіби тілдесіммен тікелей байланысты ерекшеліктер де ескерілуі керек;

6) термин білдіретін ұғымның бірмағыналылығы мен дәлдігі терминологияға ғана тән» [4.17]. Сондай-ақ біз өз тарапымыздан Республикалық терминология комиссиясының ережесіне термин бекітудің шекті уақытын белгілеуді енгізуді ұсынған болар едік. Атап айтқанда, бір термин 5 жылдан кейін ғана қайта қаралуы тиіс.

«Бекітілген терминдерге мониторинг жүргізу» жобасы барысында ғылыми тұрғыдан іріктелген, сұрыпталған, яғни нормаланған терминдер жинақталатыны сөзсіз. Нәтижесінде автоматтандырылған электрондық терминологиялық қорды (дерекқор) жетілдіру жұмысы оңтайланады; мониторинг бойынша статистикалық мәліметтерді жариялау мүмкіндігі артады. Электрондық және баспа түріндегі Нормативтік терминологиялық сөздік жарыққа шықса, жобаның мақсаты орындалады және Республикалық терминологиялық комиссия жұмысының сапасын арттыруға жаңа қадам жасалады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Құрманбайұлы Ш. *Қазақ терминологиясы* – Алматы, 2014. – 952 б.
2. Айдарбек Қ., Жонкешов Б. *Бекітілген терминдерге мониторинг жүргізу* – Астана, 2022. – 22 б.
3. *Литературная энциклопедия терминов и понятий* /Под ред. А.Н.Николюкина. Москва, – 1596 с.
4. «*Бекітілген терминдерге мониторинг жүргізу*» атты жоба бойынша орындалған жұмыстардың қорытынды есебі, Астана, 2023. -17 б.
5. «*termincom.kz*» сайтының «Мониторинг» бөлімі.

## СЕРІКҚАЛИ БАЙМЕНШЕ

*Республикалық терминология комиссиясының мүшесі,  
филология ғылымының докторы*

### АУДАРМА ҒӘМ ТУДЫРМА

**Аңдатпа.** Мақалада терминжасам ісінде ескерілуге тиісті талаптар баяндалады, жекелеген терминдер туралы практикалық ұсыныстар айтылады.

**Кілт сөздер:** *аударма тәжірибесі, баламаның орнықтылығы, бір сөз - бір балама қағидаты*

**Abstract.** In the article, requirements that must be considered in terminology formation are outlined. Practical recommendations for specific terms are provided.

**Keywords:** *translation practice, stability of alternatives, one word - one alternative principle*

Термин не тілдегі жаңа сөзжасам арқылы, не басқа тілдің сөздік құрамын пайдалануға тура келетін алыс-беріс арқылы жасалатыны белгілі. Бұл ретте, көп жағдайда біз сөздің төркініне (этимологиясына) сүйенеміз. Алайда орыс тілі арқылы енген латын және грек текті көп сөздің (терминнің) мағынасы жалғыз ғана түбірінен танылмайды; олардың мән-маңызын ілгерінді-кейінді келетін қосымшасы (жұрнақ пен жалғау) ашып тұрады. Демек қазақ тіліндегі жұрнақтың сөзді мағыналық жағынан өзгеріске түсіретіні, ал жалғаудың сөзді түрлендіретіні сияқты, термин тұлғасындағы кірме сөздердің кілті кейде осы қосымшалары (аффикс, префикс, суффикс) арқылы табылады.

Мұның астарынан терминнің анатомиясы деген мәселе елес беріп тұрады. Мысалы, «абстрактный», «астаркция» сөздерінің мәнін ла-

тын текті «абс» сөзалды қосымшасы (приставка) ашып тұрады; «Ам-фи», «анти», «гипо», «апо» деп басталатын сөздердің мағынасын да осы грек текті қосымшалар ашады. Негізінен орыс тіліне сүйеніп аударатындықтан, мұндай сөзалды қосымшаларының тұтас бір тізбегін түзуге болады.

Сол сияқты терминнің түбірін тауып аудару да маңызды. Орыс тілі арқылы пайдаланып жүрген кейбір сөздерді қазақшалағанда, осы жағына да көңіл бөлгеніміз жөн. Айталық, «транспортабельный, реабилитация» сөздерінде салмақ «абель», «абиль» сияқты (жарамды, жарайтын, епсек, қабілетті, т.б.) түбіріне түседі. Мұның да бір шоғыр тізбесін жасауға болады. Сайып келгенде, бұл қазақы термин түзгенде ескерілуге тиіс ереже болмақ керек деген ойдамыз.

Терминкомға түскен бір құжатта «фрагментарность» сөзінің баламасын «фрагментарлық» деп ұсынылыпты. Ал «фрагментация» сөзінің «фрагменттеу» деп қолданылатыны белгілі; бәрінің түбірі – фрагмент; сонда ұсынылып отырған сөздің ақиқаты «фрагменттік» болып шығады. Осы орайда кездесетін «фрагментарность осуществления» деген тіркестің шындығы - «жүзеге асыру фрагменттілігі». Ал «фрагментарлығы» - түбірден емес, «суффикс» пен «окончание»-ден жасалған жасандылық деуге болады. Бұлай жасалған (жасалатын) тудырмалар басқа сөздерге қатысты да осындай тұлғасында әлі қолданылып келеді. Соларды бір ізге түсірген артық болмас еді. Шама келсе, аударма үдерісінде көпсөзділіктен арылып, жекеше тұрып-ақ көптік мағына беретін қазақ сөздерін әрдайым ескеріп отыру, сөздің орыс тіліндегі көпше тұлғасын ғана манар (маяк) етіп ұстау дағдысынан біртіндеп арылған жөн.

Екінші бір жәйіт - тілімізбен түбі бір ағайынның аударма тәжірибесін пайдалану. Мәселен, «Наднациональный» деген сөз бар, «наднациональный уровень» түрінде жиі қолданылады. Мұны бізде «ұлттықтан жоғары», «ұлттықтан жоғары деңгей» деп аударып жүр. Өз тәжірибемізде, әлі бекімесе де, мұның әрі қысқа, әрі нұсқа – «ұлтүсті» үлгісін пайдаланып келеміз. «Ұлтүсті деңгей», «ұлтүсті реттеу» деген сияқты. Түркі тілдес кейбір елден нақ осы үлгіні кездестірдік. Бұл да терминдік мақсатта қолданылатын сөздердің неғұрлым ықшам болға-

ны жөн деген дұрыс бағыттың дәлелі. Алдағы уақытта осы «ұлтүсті» ұсынысы қолдау табар деп үміттенеміз.

Келесі ой «вызов» сөзіне қатысты. Бұл қазақша «шақыруды» бейнелеп, туынды тұлғалары да «шақырудың» төңірегінен алыстамайды. Бірақ біраз уақыттан бері «вызов»-тың проблемалық сипатын даралағанда «сын-қатер» деген қос сөздік үлгісі дендеп енді. Мысалы, «глобальные вызовы» - жаһандық сын-қатерлер». Бізде «қатерді» қайталайтын «угроза», «риск» бар. Егер осы «қатерді» кері аударсақ, жоғарыдағы екі орысша сөздің қайсысына теліген болар едік. Ал «сын-қатерді» кері аударсақ ше?

Бүгінгі тіл үйрену (үйрету) ісіндегі жүйесіздіктің бір себебі осында сияқты. Егер «вызовты» соңғы жазылуында түпмәтінді ескермей-ақ, тіпті дәл аударып алу (калька) арқылы болса да, «шақырудан» алыстатпасақ қалай болар еді?

Қырғыз бауырларда да «вызов» - чакыруу, ал «глобальные вызовы» «глобалдық чакырыктар». Осы мысалды негізге ала отырып, мұны өзімізше «жаһандық шақырыстар» деп пайдалансақ ше? Осы шақырыстың ішіне бәрін (*шақыру, сын-тегеурін, пәрмен, сын-қатер, сын-тез, қыр көрсету, сес көрсету, сынақ, т.б. мағыналарын*) қосып қолдансақ деген ой келеді. «Вызовтың» барлығы «қатер» бола бермес; мысалы, «экономические вызовы – экономикалық шақырыс» болса, «қатерсіз-ақ» сол «шақырысқа» жауап беруге болмас па? Демек, осы орайдағы флагмандық мағынаны «шақырысқа» беріп көрсек қайтеді?!

«Препятствие» сөзіне келейік. Баламасы көп, бірақ бас иесі - «кедергі». Бізде «барьерді» де бұрыннан «кедергі» деп жазу қалыптасқан, әлі солай қолданылып та келеді. Бірақ «Снятие препятствий и барьеров» дегенді қалай қазақшалаймыз? Дұрысы – «кедергілер мен тосқауылдарды алып тастау». Міне, осыдан туындатып, «барьерді» «тосқауыл» деп орнықтыру қажет деп санаймыз. Өйткені экономика жағдайында «препятствие» үш «ағайынды» (изъятие, ограничение, барьер), яни, алып тастау, шектеу, тосқауыл. Осы үшеуі қосылып, «кедергі» болып шығады. Мұны біздің аударушыларымыз да, өз тілімен өмір сүретін барша ағайын да назарда ұстауы керек.

Жазу-сызуымызда көзі қарақты жұртшылыққа қарата айтып

жүрген баламаның орнықтылығы, бір сөзге бір балама дейтін өзіндік қағидатымызды кез келген аударма мен тудырмаға қатысты қолдануға болар еді. Мысалы, бізде «замечание – ескерту». Онымен төркіндес сөздердің бәрі осы «ескертудің» айналасында қайталана береді. Мәселен, «замечание», «примечание», «оговорка», «предостережение», «предупреждение», т.б. деген «туыстарын» көбіне «ескерту» деп бір-ақ сөзбен айдарлай саламыз. Ал бұларды кері қарай аударсақ, қайсысын қай қиырдан іздейтінімізді білмей қаламыз.

Демек, осы бағытта жүйелі жұмыс істеу керек. Біз өз тарапымыздан бұларды былай жұптап жүрміз: «замечание – ескерту; примечание – ескертпе; оговорка – ескертім; оговорить – ескерте айту; («верное замечание, критическое замечание» болып келгенде де «ескертуден» ауытқымағанымыз жөн).

Сондай-ақ «отсылка», «ссылка», «сноска», «цитата», «указатель», «путеводитель» төркіндес және бір топ сөз бар; әдетте бұларды да бір «сілтеменің» айналасында оқшаулап жүрміз (тек «цитатаны» «дәйексөз» дегеніміз болмаса). Тілімізде мұндай мысалдар көп. Ұғымдық ұқсастығы, омонимдік-синонимдік мағынасы бойынша бұлардың да тізбесін түзген дұрыс болады (және осылай етіп кез келген сөздер тобын жасақтай аламыз. Сол кезде әр сөздің өзінің орныққан қазақша баламасы болады. Мұны ұстану – тіл үйрену барысын да, деңгейін де жақсартпақ-дүр).

Орысша ойлаудың қазақша сөйлеу мен жазуды «жекешелендіре» бастағанының бір мысалы мынадан көрінеді; қазір «жоспар жүз пайызға орындалды», «ол менен үш жасқа үлкен», «інім екі жасқа кіші» деп сөйлеу мен жазу етек алды. Мұның бәрі орыстың «на» деген демеулігінен (предлог) айырылмаудың, басқа тілде ойлаудың кесірі. Қазақ сөзі тарихи тұрғыда ешқандай «предлогсыз» дамыған. Сондықтан «жоспар жүз пайыз орындалады», «оның жасы менен үш жас үлкен» не «ол менен үш жас үлкен» болады, «ініңіз екі жас кіші» болады. Бұл талапты, қазақ сөзінің осы ерекшелігін басшыдан бастап қосшыға дейін құлағына сіңіруге қызмет істеуіміз керек. Атамыс теріс қолданыс «бірнеше есеге» асыра орындалмай тұрғанда, тыйым салғанымыз жөн.

**Қорытынды.** «Ұлттың әкесі – тарих, анасы – тіл». Тіл-анамыз –

ортақ. Мемлекетті мекендейтін барша ұлттың ортақ тілі. Тілдің жайы теңдессіз. Мәселесі туындай береді. Бұл табиғи үдеріс. Сондықтан ортақ тіліміздің оңай, қолдануға қолайлы, түсінуге тез, меңгеруге жеңіл болуына атсалысайық.

**АҚЖІБЕК АХМЕТ**

*Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
PhD докторант*

**МЕДИАКЕҢІСТІКТЕГІ БУДАН АТАУЛАРДЫҢ  
ЛИНГВОЭКОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ**

**Андатпа.** Мақалада медиакеңістіктегі кірме және төл компоненттердің араласуы арқылы жасалған будан атаулардың лингвоэкологиялық құбылысы зерттеу нысаны ретінде алынады да «медиакеңістік», «будан термин» атауларына анықтама беріледі.

**Кілт сөздер:** *лингвоэкология, медиакеңістік, кірме сөздер, будан терминдер, тілдік сән.*

**Abstract.** The article on the linguo-ecological phenomenon of hybrid words created by mixing input and original components in the media space is taken as a research object, and the names «media space», «hybrid term» are defined.

**Keywords:** *linguo ecology, media space, input words, hybrid terms, language fashion.*

**Кіріспе**

Бүгінде тіл мен экологияның тоғысындағы зерттеу үрдісі бүкіл әлемде қарқынды дамып келеді. «Тіл және экология» ұғымы алғаш рет Э.Хауген еңбегінде тіл мен қоршаған орта арасындағы өзара әрекеттестікті білдіретін ұғым ретінде пайда болды. Сол кезден бері тілдік экология лингвистика мен экологиялық зерттеулердің пәнаралық бағыты ретінде қалыптасып, үздіксіз дамып келеді. Бұл бағыттың негізін салушы Э.Хауген: «Тіл экологиясы кез келген тіл мен оның ортасының өзара әрекетін зерттеу ретінде анықтала алады. Тілдің шынайы



ортасы – оны өзінің кодтарының бірі ретінде қолданатын қоғам. Тіл тек оны қолданушылардың санасында өмір сүреді, сондай-ақ осы қолданушылардың бір-бірімен және табиғатпен, яғни әлеуметтік, табиғи ортамен байланысында ғана қызмет атқарады», - деген анықтама береді. Зерттеуші тіл экологиясының психологиялық бөлігі екі немесе бірнеше тілде сөйлеушінің санасындағы басқа тілдермен арақатынасын, ал әлеуметтанулық бөлігі тілдің қарым-қатынас құралы ретінде қызмет атқаратын қоғаммен арақатынасын қарастыратынын айтады [1].

Э.Хаугеннің «Тіл экологиясы алдымен тілді үйренетін, қолданатын және басқаларға жеткізетін адамдармен анықталады» деген пікірін лингвоэкологияны заманауи лингвистиканың негізгі үрдісі – адамтанымдық бағыт аясында қарастырудың негізі ретінде қабылдауға болады. ХХІ ғасыр тіл білімінде адамзат өмірі мен тіршілігінің ең маңызды құралы болып табылатын тіл табиғатын – фонологиялық, морфемалық, лексемалық, синтаксистік, контекстік, дискурстық деңгейлердегі тілдік бірліктердің мазмұны арқылы; тілдік бірліктердің мазмұндық ерекшеліктерін адам танымындағы ойлау, пайымдау, ақпаратты қабылдау, ақпаратты жеткізу үдерістері шеңберінде; басқа да туа біткен, кейін қалыптасқан адами қасиеттердің көрінісі тұрғысынан; тарихи, қоғамдық, әлеуметтік факторлардың ықпалын қабылдаған лингвоқұрылым ретінде; жалпы адам болмысын сипаттайтын дүниетаным мен рухани мәдениеттің мәні тұрғысынан саралаудың өзектелуі, лингвистиканың пәнаралық сипаты мен зерттеу мүмкіндіктерін арттыра түсті» [2, 15-16 бб.].

Ж.Манкееваның: «Қоғамдағы түбегейлі өзгерістердің нәтижесіндегі қоғамдық сана мен жеке тұлғаның тілдік санасындағы жаңару, жаңғыру үрдісінің қазақ сөзінің төл болмысымен, оның сөз тамырлас болуының айқын тілдік көрінісі мен қызметі аясын сөз мәдениетін зерттеуші ғалымдар да (Н.Уәли, К.Хұсайын, т.б.) кешенді жаңа ғылыми арнада қарастыра бастады. Атап айтқанда: сөз мәдениетінің нормативті аспектісі, функционалдық аспектісі, коммуникативтік-прагматикалық аспектісі, лингвокогнитивтік аспектісі, т.б. Соның негізінде сөз мәдениетімен сабақтас, лингвоэкология саласы анықталуда. Жалпы, сөздің осы тұрғыдан коммуникативтік қызметінің

де антропоэзектік үрдісін талдауға болады. Оның себебі адам болмысының жан дүниесі мен ой-санасын бейнелейтін сөз құдіретінің мәні қазіргі таңдағы ізгілікке бағытталған адамтанымдық білімдердің арқауына айналып отырғанымен байланысты» деген пікірі осыны аңғартады [3, 472 б.].

Лингвоэкология мәселелерінің қазақ тіл біліміндегі зерттелуіне тоқталатын болсақ, Г.Т. Чукенаева қазақ тіл біліміндегі лингвоэкологиялық зерттеулерді қалыптасуына қарай да 5 кезеңге бөледі: 1. Алаш қайраткерлерінің лингвоэкологиялық ойлары: А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов, Н.Төрекұлов, Е.Омаров, Қ.Кемеңгерұлы. 2. Тіл экологиясының ортологиялық бағытының қалыптасуы: мектептерге арнап жазылған алғашқы оқулықтар мен оқу құралдары, грамматикалық, орфоэпиялық және орфографиялық нормаларды меңгерту арқылы тілдік ортаны саламатты ұстаудың негізгі қағидаларын қалыптастырған А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев, М.Балақаев, С.Аманжолов еңбектері. 3. Тіл экологиясы зерттелуінің келесі кезеңі: М.Балақаевтың әдеби тіл нормасына арналған кешенді зерттеулері, Р.Сыздық, Б.Қалиев, А.Алдашева сынды ғалымдардың орфографиялық, орфоэпиялық нормаға, оның түрлеріне қатысты зерттеулері, И.Ұйықбаев, С.Бизақовтың варианттылық пен норманы қарастырған зерттеулері. 4. Қазақ тіл экологиясының тіл білімінің жеке бір бағыты ретінде қалыптасу кезеңі: Н.Уәли, Д.Әлкебаев, Г.Смағұлова зерттеулері. 5. Соңғы уақыттағы тіл мәселесі: Қ.Дүсіпбаева, А.Әмірбекова зерттеулері [4, 32-34 бб.].

Г.Т. Чукенаева Алаш қайраткерлерінің еңбектерінде қарастырылған лингвоэкологиялық пайымдауларды жүйелеп, төмендегідей бағыттарын көрсетеді: «Қазақ тілінің тазалығын зерделеу, экологиялық жағдайына баға беру»; «Тіл өлсе, ұлт та жойылады»; «Тіл – ұлттың өмір сүруінің басты шарты»; «Тіл – жанды құбылыс»; «Қазақ тілі – қазақтілді тұлғаны қалыптастырушы экологиялық рухани орта»; «Тілдік байланыс – тіл тазалығына ықпал етуші фактор»; «Тілді жат сөзбен шұбарламау»; «Білімді ана тілінде беру»; «Терминдерді (пән сөздерін) қазақ тілінде қалыптастыру: Тіл мәдениетінің ортологиялық қағидаларын сақтау» [4, 32 б.]. Зерттеуші Алаш қайраткерлерінің ең-

бектеріндегі лингвоэкологияның қалыптасуына алғышарт болған мәселелерді саралап, қазақ тіл біліміндегі лингвоэкологиялық алғашқы зерттеулердің Н.Уәли еңбектерінен бастау алып, Д.Әлкебаева, Г.Смағұлова, Б.Момынова еңбектерінде жалғасын тапқанын айтады. М.Балақаев, Р.Сыздықова, М.Томанов, Ә.Қайдар, Е.Жанпейісов, С.Талжанов, И.Ұйықбаев, Ө.Айтбаев, З.Бейсенбаева, Қ.Неталиева, Н.Уәли, Ж.Манкеева, З.Ахметжанова, А.Алдашева С.Мырзабеков, З.Базарбаева, Ә.Нұрмаханова, Ә.Болғанбаев, Ф.Оразбаева, Г.Қосымова, Э.Сүлейменова, А.Салқынбай, К.Қ. Күдерінова, А.Рахимова, Ж.Дәулетбекова, А.Исақова, Ж.Абилхаирова, т.б. зерттеушілердің еңбектеріне шолу жасайды. Осылайша Г.Т. Чукенаева қазақ тіл біліміндегі лингвоэкологиялық теорияның қалыптасуына негіз болған еңбектеріне кешенді сараптама жасайды. Сондықтан біз өз тарапымыздан қазақ тіл біліміндегі лингвоэкологиялық зерттеулердің қазіргі бағытын ғана көрсетуді жөн көрдік.

Қазақ тілінің лингвоэкологиялық мәселелері Қ.С. Дүсіпбаева, Л.В. Екшембеева, А.Қ. Жұмабекова, Ж.К. Жұбантаева, А.Б. Әмірбекова, Ж.А. Жақыпов, Г.О. Сыздықова, Ж.Қ. Өмірбекова, М.Б. Нұртазина, Қ.С. Құлманов, Н.С. Әміржанова, С.Ж. Үркінбаев, Г.А. Досжан, Ж.Н. Жүнісова, Г.Т. Қанайбекова, М.Д. Жұмашев, Г.Бақытжол, Ж.Қ. Қайырбаева, т.б. зерттеушілердің еңбектерінде антропоэлектік парадигма аясында түрлі қырынан сараланады.

Э.Н. Акимованың «Қазіргі орыс тіліндегі белсенді процестерді лингвоэкологиялық түсіндіру» атты мақаласында нағыз экспериментке түскен сөзжасам деп, ондағы будан құбылысын атап көрсетеді: «гибридные слова (слова-кентавры, слова-телескопы): *трепортаж, моменталитет, пофигуристы*».

Қазіргі қазақ тілінің терминқорында компоненттерінің бірі қазақтың төл сөзі, екінші бөлігі кірме сөз немесе шет тілінен енген терминбөлшек болатын будан терминдер саны күрт өсіп келеді. «Будан» термині туралы алғаш рет XVII ғасырдың ортасында К.Вожканың «Remarques sur la langue française» атты еңбегінде қолданылады. Ғалым: «Бұл сөздерде бір өзгешелік бар, өйткені олар жартылай латын тілінде, жартылай француз тілінде; екінші жағынан гибрид

атаулар немесе метистер барлық тілдерде кездеседі» деген пікір білдіреді [5, 273].

Кез келген тілдің лексикалық жүйесіндегі «будандардың» саны көп және үнемі өсіп келеді. Сол себепті бұл мәселе лингвистикалық тұрғыдан жан-жақты зерттеліп, мұндай сөздердің тілдік табиғаты ашылмаса, онда сөзжасам, терминжасам үлгілері мен тәсілдері де толық айқындалып, олардың түр-тұлғасы бір-бірінен айқын ажыратылған деп тұжырымдау да қиынға соғады. Бұл орайда Дж. Ширд «будан мәселесі талқыланбаса, сөзжасамдық процестің сипаттамасы ... толық деп санауға болмайды» деген пікірі өте орынды айтылған [6, 10].

Будан терминдерге А.Құрманбаева былайша анықтама береді: «Будан (гибрид) термин – бір бөлігі өзге тілден алмасқан, ал өзге бөлігі қабылдаушы тілге аударылған немесе байырғы сөз болып келетін терминдер» [7, 3]. Будан терминдер қазақ тілінің барлық салалық терминологиясында кездеседі десек те болады. Себебі кейбір аударуға келмейтін терминдерді қазақтың төл сөзімен қатарластыра беру жаңа термин жасауда ұтымды қолданылады.

Б.Момынова «Будан сөздердің кеніші – публицистикалық стиль. БАҚ арқылы жүздеген сөздер еніп, біртіндеп тілде тұрақтануда: *сауда-экономикалық ынтымақтастықты, ресми бизнес-делегация, «Теңізішевратл», мектеп-гимназия, Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқытушы-профессорлары, студенттері, нормативтік-құқықтық актілерімізде, тарихи-мемориалдық мұражайын, Су комиссиясы концерттік-ойын-сауық бағдарламасы, монумент кешені, мектеп-интернат т.б. театр-көркемсурет институты, тарихи-музей кешені, археологиялық қорық-музейі, қазақ музыкалық-драма театры, балалар мен жасөспірімдер театры, әдеби-мемориал, физиотерапиялық бөлім, су-энергетикалық, мәдени-гуманитарлық, сервистік дайындау орталығы, «Жетісу» ҰҚ» АҚ, пилоттық жоба, сүт зауыты т.б.» – дейді.*

Медиакеңістік – техногендік өркениет пен ақпараттық жаһандану жағдайында ақпараттың қозғалысы мен коммуникациялық байланыстардың шекарасы жойылған, аудиторияның әлемді қабылдауының идеологиялық, эмоционалдық, тіпті түпсаналық танымын қалып-

тастыратын, ақпараттар мен мәдени кодтар жасалатын, таратылатын және эстетикаланатын басты сандық экожүйе. Медиакеністік тілдік тұлға мен қоғамның рухани-адамгершілік дамуының жоғары стандарттарын қалыптастырушы әлеуметтік-лингвистикалық белсенді орта. Медиакеністіктің негізін бұқаралық ақпарат және оны өндіру мен таратудың құралдары құрайды. Ал бұқаралық ақпаратты өндіретін және тұтынатын, сондай-ақ медиакеністіктегі үдерістерді реттейтін субъектілер медиакеністікпен өзара әрекеттестікте болады.

БАҚ тілін лингвоэкологиялық тұрғыдан зерттеп жүрген Қ.С. Дүсіпбаева қазақ тіліндегі кірме сөздердің лингвоэкологиялық қаупін сөз етеді. Зерттеуші: «Лингвоэкология ғылымдағы жаңа бағыт ретінде адам мен қоғамның тілдік аясын зерттей келе, ереже мен қағида, жүйелердің қалыптасуына әкеледі, ол тек экология үшін ғана емес, тілдің дамуы мен қоршаған ортаның проблемаларын шешу мүмкіндіктері үшін қажет. Лингвоэкология сөйлеу мәдениетінің мәселелерін қамтитын тіл білімінің бір саласы ғана емес, ол адамзаттың рухани инабаттылығын сақтай отырып, балағат, әдепсіз және тұрпайы лексикадан қорғайды», - деп пайымдайды [8, 2 б.].

### **Материалдар мен әдістер**

Жұмыста келесідей арнайы әдістер мен тәсілдер қолданылды: лингвоэкологиялық мониторинг – жаңалықтар бөліміндегі ақпараттық тепе-теңдікті анықтауда; мазмұндық талдау – бағдарламалар, жаңалықтар мәтіндерін зерттеп, негатив пен тілдік агрессияны анықтауға мүмкіндік беретін бірліктерді талдауда; интент-талдау – пікір көшбасшыларының жазбалары мен комментарийлердің мазмұндарын зерттеуде, статистикалық талдау – дүкен атауларының сандық мәліметтерін талдағанда. Лингвоэкологияның теориялық негіздері (Э.Хауген, А.Филл, П.Мюльхойзлер, Т.Левассюр, А.В. Кравченко, Н.А. Курашкина, И.Н. Потеряхина, В.П. Коровушкин, А.П. Сковородников, С.А. Ақтуганова, В.И. Шаховский, Е.Сущенко, Н.Уәли, Ж.Жақыпов, Д.Әлкебаева, Г.Смағұлова, М.Б. Нұртазина, Қ.С. Құлманов, М.И. Кадеева, Ж.Б. Бектұрова, Н.С. Әміржанова, С.Ж. Үркінбаев), медиакеністік (М.Маклюэн, И.М. Дзялошинский,

Е.Н. Юдина, З.Қ. Буенбаева), эмоция (Ә.Алдамұратов, П.К. Анохин, А.Р. Леонтьев, Ғ.Қ. Иманалиева), тілдік агрессия (А.Алтаева, И.В. Пекарская, Е.А. Шпомер, К.Ф. Седова, Ю.В. Щербинина), тілдік сән (В.Г. Костомаров, И.Т. Вепрева, Л.К. Граудина), будан терминдер (Ш.Құрманбайұлы, Б.Момынова, А.Құрманбаева, А.Р. Кошекова).

### **Нәтижелер және талқылау**

Лингвоэкологиялық зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, қазіргі уақытта әлемнің барлық тілдері дерлік лингвоэкологиялық ықпалға ұшырап отыр. Әр елдің тілдік жағдаяты әртүрлі болғанымен, олардың барлығына ортақ бір сипат бар: ағылшын тіліне негізделген ақпараттық технологиялардың ірі ғылыми-техникалық революциясының нәтижесінде тілдік үдерістердің жаһандануы және әлем халықтарының тілдік кеңістігіне ағылшын тілінің кірігуі. Бұл жағдай тілдің деформациялануы мен деградациялануы секілді түрлі жағымсыз үдерістерге әкеп соғуда. Мұндай лингвоэкологиялық ықпал қазақ тіліне де әсер етуде. Әсіресе жаңа технологиялық жағдайлардағы әлемдік коммуникацияның нәтижесінде бұл ықпал күн санап артып келеді.

Қазіргі уақытта әртүрлі тілдерде сөйлеуші адамдардың бұқаралық санасына күнделікті әрі еш бақылаусыз экономика, құқық, психология, саясат, бизнес, тарих, т.б. салалардағы түрлі ұғымдар мен терминдер еніп жатыр. Бұл мәселе тілдік саясаты жолға қойылған Франция, Германия, Италия, т.б. секілді көптеген елдерде оң шешімін тауып жатыр. Мәселен, Франциядағы Ұлттық тіл комитеті теле-, радиоэфирлер мен баспасөздегі кірме сөздердің қолданылуын қадағалап отырады, тіпті екі мыңнан астам англоамерикан сөздерін ресми сөздер қатарынан алып тастау туралы заң қабылдауға қол жеткізді. Ал Жапонияда тұрақты әрі тәуелсіз тіл қызметі жұмыс істейді. Ол туған тілдің тазалығы мен дұрыстығын үнемі бақылауда ұстап, тілді бұрмалау мен уәжсіз кірме сөздерді қолдану жағдайында шара қолданып, үлкен көлемді айыппұл салады.

Қазақ тілінің емле ережелерінде негізінен құрамындағы компоненттерінің санына қарамастан, бір мағынаны білдіретін; құрылымында төл сөздер мен кірме компоненттері бар – будан терминдердің жазылуы жолға қойылып жатыр. Мысалыға, «кірме аббревиатура + төлтілдік



аффикс»: *PR-шылар*; «кірме аббревиатура + төлтілдік негіз»: *VIP-түйіндеме, VIP-хабарландыру, IT-мамандар, PR-мамандар* т.б.; «кірме аббревиатура + кірме негіз» түрінде болады. Осы соңғы модель аударуы қиын гибридтер қатарында, өйткені сөздіктерде сол күйінде беріліп жүр және қолданыста, күнделікті коммуникацияда да осы тұрпаттарын сақтайды: *веб-браузер, веб-дизайн, веб-интерфейс, веб-клиент, веб-сайт, веб-модель, ViP-деңгей* т.б. Жаңа емле ережелерінде де осы жазу үлгісі сақталатыны жазылған.

Қосымшалармен, сөзалды қосымшалармен жасалатын зат есім-гибридтер жаңа емле ережелерінде бірізділенді: а) супер-, гипер – префиксоидтарына байланысты: гипермедиа - гиперорта – *hypermedia* (кейде, баспасөзде сызықшамен де беріліп жүр, мысалы: *супер-студент*; бөлек те жазылады: *супер студент*; бірге жазу да байқалады: *гиперсвязь - гипербайланыс – hyperlink, гиперссылка - гиперсілтеме – hyperlink*. Сондай-ақ псевдо-, де- (делексикалану), экс- (эксәкім), мега-, топ-, нон-, анти- префиксоидтарымен келетін сөздердің жазу үлгілері берілді: *антивибратор - антидiрiлдеткiш - antivibrator, авто: автоблокировка - автобұғаттау – autolock, автозавод - автозауым – automobile; автоклав – autoclave; автокоррекция - автомүзеу - auto correct, автожуу* т.б.

Екі дауысты дыбыстың сөз ортасында (сөздер тоғысында) қатар келуіне байланысты қиындық тудырды деп саналып жүрген автокомпенсатор - *автоөтемдегіш - the compensators*, автокомпенсация - автоөтем - *auto-compensation*, аэро- аэроизоляция - *аэрооқшаулағыш – aerosolize* т.б. сөздер бірге жазылып жүр. Кірме суффикстермен: -инг (франчайзинг), -изм, -ер (стартапер), -изация, -ист, -оид, -гейт, т.б. жазылуын реттеу –изациямен келетін сөздер -тану, -тену, -лану, -лену жұрнағын қосу арқылы беріліп жүргенін айту керек: лексикализация – лексикалану т.б. Франчайзинг сияқты сөздер тобы жаңа емлемен франчайзинг түрінде жазылады.

Қазақ тілінде өзгеріссіз (формасы да (жазылуы деген дұрысырақ), мағынасы да сақталған) енген, сол күйінде қолданылып жүрген, аббревиатуралар арқылы қалыптасып кеткен гибрид сөздерге мына жазу үлгілерін жатқызуға болады:

**VIP** (ағылш. Very Important Person) – **VIP**-кабина, **PR** (ағылш. public relations) – **IP** (англ. internet protocol), **VIP-апартамент**, **VIP- қызмет** (сервистік), **VIP-Тур** т.б. Кейде **V.I.P** деп жазу да кездеседі. Қазіргі ұсынылып отырған емле ережелерінде гибрид сөздердің жазылуы реттеліп, ұсынылғаны жоғарыда айтылды.

Негіздердің, түбірлердің сызықша арқылы қосылуынан туындаған гибридтер, мысалы: *блиц-сауал, брейн-ринг, фейс-бақылау, маркет-мейкер, кофе-брейк, арт-каф, поп-музыка* тек сызықшамен жазылып, тілде қалыптасып кеткен еді. Жаңа ережелерде осы жазу үлгісі ұсынылған.

Орыс тілінің үлгісімен **о, е** – сөзбіріктіруші дауысты дыбыстармен келетін сөздер тілде өте көп және олардың бәрінің құрамынан аталған дыбыстарды алып тастау көбіне жүзеге асқанмен, кей сәттерде алып тастау мүмкін емес. Мысалы: электротехника – электртехника болып қалыптасып кеткен. Бірақ **физิโอ**ем сияқты сөздер құрамындағы **е**-ні алып тастау түсінбеушілік тудырады.

Дегенмен, кірме сөздер мен төл сөздердің араласуы медиакөңілікте сәнге айналууда. Мұның салдарынан қазақ тілі түрлі тілдермен араласып, соның негізінде «қазақ-ағылшын», «қазақ-орыс», «қазақ-араб», «қазақ-кәріс» секілді аралас сөйлеу, қазақ тілінде баламасы бар сөздердің өзін негізсіз басқа тілдің сөздерімен алмастыра қолдану үрдіс алып келеді. Зерттеушілердің пікірінше, бұл жағдай тілдік талғам, тілдік сән мәселелерімен тығыз байланысты.

Адамның тілдік санасы мен сөз қолданысы тілдік талғам, тілдік сән, тілдік қалау, т.б. секілді маңызды категорияларды анықтайды. Тілдік талғам деп «белгілі бір уақытта белгілі бір тілдік қауымдастық қабылдаған сөйлеу үрдісінің нормалары мен стандарттары» ұғынылады [9, 812 б.]. М.Балақаев: «Тілдік талғамы нашар адамның тіл мәдениеті де төмен болады, тіл мәдениетінің басты талабының бірі – тілдің халықтық қасиетін дамыту, ана тілінің байлықтарын талғам елегінен өткізіп молынан әдеби тілге енгізу», - дейді [10]. В.Г. Костомаров қоғам өміріндегі тарихи, өзгерісті кезеңдерге байланысты әр дәуірдің өз тілдік талғамы болады дейді. Зерттеуші талғам категориясының әр дәуірде әртүрлі мазмұнмен толығынын айтады: дұрыс және бұрыс талғам, уақыт немесе ғасыр талғамы, халықтық талғам, т.б. [11, 48 б.].



Л.К. Граудина: «қазіргі интерпретациядағы тілдік талғам – тілдік фактілерді ажыратып қабылдау мен бағалау қабілетімен байланысты аксиологиялық, құндылықтық категория», - дейді [9, 156 б.]. Жалпы талғам қандай да бір деңгейде жеке сипатта болады. Ол бала кезден тәрбие алу (оның ішінде тілдік тәрбие де бар) үдерісінде қалыптасады. Басты белгісі бұқаралық сипат болып саналатын «тілдік сән» ұғымы мүлдем қарама-қарсы түсінік береді: «Сән ұдайы пайда болатын жаңа өнімдерге ұжымдық еліктеуді білдіреді» [10, 33 б.]. Бұл – философиялық және әлеуметтік зерттеулердің дәстүрге айналған мәселесі. Қазіргі лингвистикалық үдерістерді сән, бедел, тілдік талғам сияқты әлеуметтік категориялардан бөліп қарау мүмкін емес. Сәнді сөздердің нақ анықтамасын беру қиындық тудырады. Дегенмен бұл құбылысты сипаттау мен мүмкіндігінше түсіндіру өте маңызды. Сән тілдегі белгілі бір феномен болып саналады. В.Г. Костомаров: «Кейде абсурдқа дейін апаратын тілді дұрыс әрі тиімді қолдану жөніндегі өзгермелі түсініктерді «сән» сөзімен белгілеуге болады. Сән – барынша жеке, көзге түсетін және қоғамның консервативті, жасы үлкен бөлігінің ашуын тудыратын талғамның соңғы көрінісі. Сөйлеу сәні өмірдің басқа салаларындағы сәнмен тікелей байланысты», - дейді [11, 20 б.]. И.Т. Вепрева тілдік сәнді кірме сөздердің енуіне ықпал ететін себептердің біріне жатқызады: «Бір жағынан кеңестік дәуірдің сөздерін қолданудан қашу ниеті, ал екінші жағынан батыстық құндылықтарға бағдарлану, ағылшын тілін шектен тыс қолдану – осы өзара байланысты екі негізгі фактор қазіргі орыс тіліндегі сәнді тілдік өзгерістердің динамикасын анықтайды», - дейді [12, 148 б.].

Сәнді сөздердің негізгі екі белгісі бар: біріншісі – оның жаңа сөз болуы, ал екіншісі – бұқаралық қолданыста болуы. Сондықтан сәнді сөйлеуге бейім тұратын қазақтілді жастар сөйлеуде мейлінше ағылшын, орыс, кәріс тіліндегі жаңа сөздерді қолдануға құмар болып отыр. Ал мұның салдары жастардың этноисторихи дүниетанымына қауіп төндіріп, қазақ сөзін, оның рухани мәнін, гендік жадын құнсыздандырып, тілдік экологиямызды бұзуға әкеледі. Кірме сөздер мәселесі, тіл басқыншылығы бұған дейін де тіл мәдениеті, сөйлеу мәдениеті тұрғысынан зерттеліп келгені белгілі. Алайда тіл мәдениеті мұның бәрін тілге


әсері тұрғысынан қарастырса, ал лингвоэкология оны адамға әсері тұрғысынан қарастырады.

С.Тер-Минасова: «Кірме сөздердің лексика мен фразеологияға дендеп енгені былай тұрсын, фонетиканы, морфология мен синтаксисті де қамтып, тереңдеп барады», - дейді [13, 127 б.]. Мұның дәлелі ретінде қазіргі қазақ тілінде пайда болып жатқан «кентавр бейнелі» будан сөздерді келтіруге болады. Мәселен Instagram желісіндегі @janasozdik парақшасында осындай 357 сөз берілген (олардың саны күн санап артып келеді): ұятмен (қоғам міндеттеген құндылықтармен шектелген және әдептілігі манияға айналып, абсурдқа жеткен әдепшіл адам), қыртапер («бизнеспен айналысу керек еді» деп үнемі айтып жүретін, бірақ дым істемей бос жүретін адам), көршейриң (керек болғанда анау-мынау сұрасып-берісетін көршілер жүйесі), дінкогнито (дінді жасырын ұстанатын адам), ккк (қарқ-қарқ-қарқ күлу), қайырфандиң (хипстерлер мен стартапшылардың киберқайыршылығы), байкетиң (еш ақпараттық салмағы/қызығы жоқ бола тұра патриархал қауымның жанына жағатын пікірінді, қалаулы образдағы суреттерінді бөлісу арқылы байға кету ықтималдылығынды өсіру әрекеті), перзентация (қырқынан шыққан сәбиді алғаш рет көпшілікке көрсету), қоқыс-нюос (қазақша ақпараттық сайттардың басым бөлігі тарататын жаңалықтар), т.б. Талдау жұмыстары барысында осы парақшада берілген пайдараз, пиараз сөздерінің теле, радио эфирлерлерде журналистер тарапынан қолданысқа түскенін көрдік: «Пайдараз»» продюсер» («Астарлы ақиқат», 19 қараша, 2019); «Пиараз әнші кім? («Ұят Parade», 21 қараша, 2018). Сондықтан уақыт өте келе қазір тұрпайы көрінген бұл сөздердің бәрі болмағанымен, біразының жалпыхалықтық қолданысқа ену қаупі де жоқ емес.

Республикаға хабар тарататын ірі телеарналардың өзі осындай үрдісті қолдап, қолданып отыр. Бұлай жалғаса берсе, өскелең ұрпақтың тілдік санасындағы бұл сөздердің мәні, айтылуы, жазылуы мүлдем ұмыт болып, сол орындарын басқан ағылшын сөздерімен алмастырылуы мүмкін деп ойлаймыз.

Ағылшын тілі ықпалының қаупін еліміздегі нысан атауларынан да көруге болады. Мұның бәрі күнделікті қолданып жүрген ұялы телефондарымызға жүктелетін түрлі қосымшалардан көрінеді. Соның

бір мысалы ретінде Астана қаласындағы балаларға арналған дүкен атауларына жасалған талдауымызды ұсынамыз:



Мұндағы көк түске боялған атаулар – өзге тілде, қызғылт түске боялған атаулар – қазақ тілінде, ал сұр түске боялған атаулар – жартысы қазақ тілінде берілгендер. Егер пайыздық көрсеткішпен беретін болсақ, мұндағы барлық атау – 150 (100%), оның өзге тілдегісі – 132 (88%), қазақ тіліндегісі – 11 (7,3%), жартылай қазақшасы – 7 (4,7%). Қазақ тілінің үлесі – 7,3% ғана. Бұл талдау бір ғана саланы қамтығанымен, өзге салалардағы көрсеткіштің де шамалас боларын мәлімет жинау барысында көрдік.

Аббревиатура контаминация компоненті ретінде: *ЭКСПОкалипсис* *Контаминанттар гибридік түзілімдер негізінде: уикимақ (уикипедия + акымақ), нетұрғын (интернет + тұратын), фейсмолда (фейсбук + молда), фейсөкше (фейсбук + өрше), қатеррорист (қатер + террорист), Брекзиттену (Брекзит + тену), тойстаграм (той + Instagram), эмбблогер (эмбебап + блогер), тойгустатор (той + дегустатор), айқафон (айқай + айфон), бәйбекю (бай + барбекю), бабкер (банкер + бабки), шашкриминация (шаш + дискриминация), жаскриминация (жас + дискриминация), жемуар (жеу + мемуар), риясыз (спортшы + понт).* Біздің зерттеуімізде будан түзілімдерге қатысты қазіргі қазақ

тілінде ішкі және шетелдік лексемаларды дәнекерлеу арқылы пайда болған будан контаминанттар (75 бірлік) кездеседі

Қазақ сөздерін шет тілдік сөздермен алмастыру үрдісін қолдап отырған қазақстандық телеарналардағы жағдай да дәл осындай. Оны еліміздегі мемлекеттік жалпыұлттық, жеке меншік, коммерциялық ұлттық 15 арнаның бағдарлама атауларына жасаған талдаудан көруге болады. Қазақтілді бағдарлама атауларының жартылай ағылшынша аталуы барлық телеарналардан көрініс табады. Атауы жартылай ағылшын тіліндегі бағдарламалар: *Әзіл Man, Qazaqstan fighter, Qazsport Pro football, Balapan ABC+, Bala time, I-balapan, Online balapan, Balapan news, Hello, Balapan, Қызық times, Шіпкін life, Хабарline, Astana life, Kazakh TV, Qazaq LIFE, Стартап мекені, WTO шеңбері, Qazbooks, Astana TV, Q-travel, KazNet, Astana times, Nur Otan talks, Tengeland, Elorda live, Bas times, Той Beststar, Инсталайық, Айна online, Тамада battle, Тамаша City, Qalay'ym live, Basty Prime, Жұлдызды weekend, Жаңалike show, Hit Bala, Hit Балдырған, Біздің Дыбыстар, Хахастан show, Cool Тізбе, Gakku News, Ұям Parade, Ән+Gimme*. Бұл мәліметті радиохабар атауларымен де толықтыра түсуге болады: *Түнгі life (Астана радиосы), Кешкі time (Orda fm), Ұям Parade, Туыстар (Gakku fm), Бұлбұл Микс, Бұлбұл Лайт (Бұлбұл фм)*, т.б.

М.К. Ахметова: «Бүгінгі БАҚ тілінің өзге тілдердің ықпалында кетпей, дамып, жетілуі үшін кәсіби мамандарға үлкен жауапкершілік жүктеледі. Ұлттың бітім-болмысын, өзге ұлттардан ерекшелігін айқындау, ұлттық тілдің қолданылу аясын кеңейту, оның өміршеңдігін ұлғайтуда БАҚ-тың алар орны ерекше», - дей келе, бұқаралық ақпарат құралдары тілінің тілдік ортаны, тілдік тұлғаны қалыптастырушы құралдардың бірі екенін айтады [14, 18 б.]. БАҚ-тың өзге тілдің ықпалында кетуі көптеген елдердің ұлттық тіліне қауіп төндірді. Соған байланысты ұлттық тіл мен жаһандық тілдің арасындағы текетірес қарқынды жүріп жатыр. Себебі барлық елдер жаһандық интеграцияға жұтылып кетпей, ұлттық тілін, ділін, мәдениетін сақтап қалуға күресіп жатыр. Ағылшын тіліне бұлайша басымдық беруге әлем лингвоэкологтары сыни көзбен қарайды. Қазіргі көптеген зерттеулер ағылшын тілінің қаупі, халықаралық коммуникациядағы ба-

сымдығы, тілдердің жойылуындағы орны туралы жазылуда. Олардың қатарына Дж.Наш пен П.Мюльхойзлердің «Тіл мен қоршаған орта байланысы: Норф пен Норфолк аралының жағдайы» [15], С.Премсрираттың «Тайландтың жойылып жатқан тілдері» [16], А.Шерристің «Ганга экологиялық ландшафтын қайта қарау: жергілікті иллюстрация мен сауаттылық» [17], т.б. еңбектерін жатқызуға болады. Ғалымдардың алдағы маңызды зерттеулері Жаһандық Оңтүстіктегі (Global South) адамдар мен тілдерді лингвоэкологиялық тұрғыдан зерттеуге арналмақ. Бұл мәселенің шешімдерінің бірі – болашақ лингвоэкологиялық зерттеулерге батыстық емес эпистемологияны қосу. Жақын уақытта жасалған Дж.Драйзектің [18], Дж.Лакоффың [19] зерттеулері қазіргі экологиялық кризистердің модернизация мен индивидуализмнің батыстық идеяларымен байланысты екенін көрсетеді. Ағылшын тілінің ықпалы әлемнің барлық тілдеріне тиіп отыр. Өткен ғасырдың өзінде-ақ ағылшын тілі халықаралық қарым-қатынас тіліне айналған болатын, ал жаһандық үдерістер оның әр елдегі орнын одан әрі нығайта түсті. Ағылшын тілі қазіргі әлемде халықаралық түрлі саладағы шаралардың (ғылым, білім, технология, дипломатия, спорт, музыка, жарнамалық индустрия, т.б.) басыңқы тіліне айналды. Ағылшын тіліне деген осындай жоғары «сұраныс» оны шет тілі ретінде зерттеу қажеттігін тудырды. Бұл ретте идеологиялық ұстанымдарына сай білім беру мекемелерінде ағылшын тілінің оқытылуына бірнеше онжылдықтар бойы қарсы болып келген Қытайдың өзі тұрғындар арасында ағылшын тілін меңгеру деңгейін көтеруге мақсатты түрде кірісті. Әлемнің көптеген тілінде сөйлеушілердің тілі ағылшын тілінің сөздерімен толығып келеді. Бұл үрдістің басқа тілдер үшін қауіпті екенін әлем ғалымдары мойындап отыр. Халықаралық қарым-қатынас тілі ретіндегі ағылшын тілі рөлінің артуы Еуропалық Одақта да анықталып отыр. ЕО-ның аудару қызметінде аударылуға жіберілетін құжаттардың 3/5 бөлігі ағылшын тілінде дайындалған. Бұл басқа тілдерде дайындалатын құжаттарға қарағанда екі есе артық. Құжат айналымындағы ағылшын тілінің мұндай экспансиясы оның кейбір тілдердің арасындағы «тіл-жалғағыш» болуымен түсіндіріледі. Се-

бебі кей тілдердегі аудармашылардың тапшылығына байланысты құжаттар алдымен ағылшын тіліне аударылып, кейін ағылшын тілінен қажет тілге аударылады. Ағылшын тілі қазіргі уақытта неміс тілін ғылымнан түгелімен ығыстырып шығарды деуге болады. Әлемнің көптеген жоғары оқу орындарының жаратылыстану мен техникалық мамандықтарында шет тілі ретінде тек қана ағылшын тілі оқытылады, себебі ол басқа тілдердің ғылыми және техникалық лексикасына екпіндеп басып кіруде. Іс жүзінде ғылым тіліне айналуы ағылшын тілін басқа тілдердің қатарында автоматты түрде элиталық тілге айналдырады, соның салдарынан адамдар өз тілдерін «төмен» санап, «жоғары әрі беделді» ағылшын тілінде сөйлегілері келеді. К.Шваб: «Бұрын адамдар өздерін де, өмірлерін де белгілі бір мекенге, этникалық топқа, нақты мәдениетке, тіпті тілдік ортаға мейлінше жоғары деңгейде бірегейлендіріп отыратын. Онлайн қарым-қатынасқа әуестенушіліктің пайда болуы және басқа мәдениеттің идеяларымен бетпе-бет келу бірегейліктің бүгінгі келбетін сан қырлы етіп өзгертіп жіберді», - дейді [20, 91 б.]. Яғни жаһанданудың ықпалынан ұлттың тілі, мәдениеті, ділі бірегейлігінен айырылып, өз келбетін өзгертуі мүмкін. Жаһандық медиакеңістіктің қазақ медиакеңістігіне кірігуі біздің ұлттық бірегейліміздің сақталуына кері ықпал етуде.

### **Қорытынды**

Түрлі мәдениеттердің араласуына мүмкіндік туғызып отырған бүгінгі медиакеңістік өзге тілдердің ұлттық тілімізге ықпалын күшейтіп жатыр. Ш.Құрманбайұлы: «Қазіргі ақпарат пен технология ғасырында адамдар өзіне қажетті білім мен ақпаратты жедел алып, әлемнің түкпір-түкпірінде болып жатқан жаңалықтардан хабардар болып отыруға мүдделі. Сондықтан да жаһандану үдерісі адамзаттың алдына жалпыға бірдей ортақ тілді іздеу міндетін қойып отыр. Кең тараған, дамыған ұлт тілдерінің қай-қайсысы да сол мәртебені иеленуден сырт қалғысы келмейді. Бұл бір жағынан тілдер арасындағы бәсекелестікті күшейтіп, тілдік қақтығыстарға да бастауы мүмкін. Ешбір халық ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан ұлттық тілдерінен оңайлықпен бас тарта қоймайды», - дейді [21, 85 б.]. Сондықтан бүкіләлемдік тілдік

кеңістікті жаулап келе жатқан жаһандық тілдер мен ұлттық тіліміздің арасындағы текетірес қазақтілді медиакеңістік пен медиа тұтынушыларға үлкен лингвоэкологиялық жауапкершілік жүктейді. Бұл ретте тілдік тұлғалардың лингвоэкологиялық білім игеру қажеттілігі туындайды.

Қазақ лингвоэкологиясының бүгінгі көкейкесті мәселесі медиакеңістік пен адамның арақатынасынан басталады. Бұл қарым-қатынас қауіпсіз болу үшін қоғам мүшелеріне медианы тұтыну мәдениеті мен лингвоэкологиялық білімді игеру қажет болады. Себебі адам үшін тілдік орта қауіпсіз болуы шарт. Қауіпсіз тілдік орта – таза, агрессивті биоэнергетикамен, тұрпайы сөздермен ластанбаған, тіл мен сөйлеудің қызмет етуі мен табиғи дамуына, тілдік тұлғаның қалыптасуы мен үнемі жетілуіне оңтайлы лингвосфера. Қауіпсіз тілдік ортаны саналы тілдік тұлғалар қалыптастырады.

Ақпараттық технологиялардың ірі ғылыми-техникалық революциясының нәтижесінде тілдік үдерістердің жаһандануы және әлем халықтарының тілдік кеңістігіне басқа тілдердің кірігуі ұлттық тілдің деформациялануы мен деградациялануына алып келеді. Өз тілімізде баламасы бола тұра, оны шет тілдік сөзбен әдейі алмастыру туған тілге деген немқұрайлықты арттырып, қазақ этномәдени әлем бейнесіне бөгде менталдылықтың басып кіруіне жол ашады. Халқымыздың мәдени-тарихи санасының кілт сөздерін – ұлттық мәдени концептілерді біртіндеп айырбастау қадамдарының нәтижесінде дәстүрлі логикалық, ұғымдық желі үзіліп, лакуналар пайда болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Haugen E. *The Ecology of Language*, Stanford University Press, Redwood City, CA, 1972. 366 p.

2. Түймебаев Ж., Сағидолда Г. Алтаистиканың тарихи-лингвистикалық негізі. (Фонетика. Морфология). / Ж.Түймебаев, Г.Сағидолда. Екінші басылым. – Алматы: «Қазығұрт», 2015. – 408 бет.

3. Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері [Мәтін]: монография / Ж. Манкеева; Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы. – Алматы: Абзал-ай, 2014. – 638 б.



4. Чукенаева Г.Т. Лингвоэкологияны жоғары оқу орындарында оқыту әдістемесі. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті. – Талдықорған: 2018. – 187 б.

5. Молчанова Г.Г. Когнитивная лингвоэкология и лингвотоксичность // Язык. Культура: мат-лы МНК. М.: МГУ, 2015. С. 17-18.

6. Кравченко А.В. Два взгляда на экологию языка и экологическую лингвистику // Экология языка и коммуникативная практика. 2014 №2. С. 90–99.

7. Сиротинина О.Б. Размышления о том, как должна пониматься борьба за экологию языка // Экология языка и коммуникативная практика. 2013. № 1. С. 177–193. URL: <http://ecoling.sfu-kras.ru/wpcontent/uploads/2014/05/Sirotinina.pdf> (дата обращения: 20.06.2018).

8. Дүсіпбаева Қ.С. БАҚ және лингвоэкология // 23-26 б.

9. Культура русской речи. Энциклопедический словарь-справочник (КРР) / под общим руководством Л.Ю. Иванова, А.П. Сковородникова, Е.Н. Ширяева. М.: Флинта: Наука, 2003. 840 с.

10. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. Оқулық. – Алматы: «Дәуір-Кітап», 2013. – 240 б.

11. Костомаров В.Г. Языковой вкус эпохи. Из наблюдений над речевой практикой масс-медиа. М., 1994.

12. Вепрева И.Т. Языковая рефлексия в постсоветскую эпоху. – Екатеринбург: Изд-во Урал. Ун-та, 2002. – 1379 с.

13. Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл. – 320 бет.

14. Ахметова М.К. Бұқаралық ақпарат құралдары тілінің кейбір мәселелері// ЕҰУ хаб.№5 (114) 2016. 16-19 бб.

15. J. Nash, P. Mühlhausler, Linking language and the environment: the case of Norfolk and Norfolk Island, Lang. Sci. 41 (2014) 26-33.

16. S. Premsrirat, Endangered languages of Thailand, Int. J. Sociol. Lang. 186 (2007) 75-93.

17. A. Sherris, Re-envisioning the Ghanaian ecolinguistic landscape: local illustration and literacy, Intercult. Educ. 24 (4) (2013) 348-354.



18. J. Dryzek, *The Politics of the Earth: Environmental Discourses*, third ed., Oxford University Press, New York, 2013.

19. G. Lakoff, *Why it matters how we frame the environment*, *Environ. Commun.* 4 (1) (2010) 70-81, <http://dx.doi.org/10.1080/17524030903529749>

20. Шваб К. Төртінші индустриялық революция. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл. – 200 бет.

21. Құрманбайұлы Ш. Жаһандану жағдайындағы ұлттық тіл // Ұлы дала тұлғалары: академик Рәбиға Сыздық және қазақ сөзінің күдіреті/ Халықаралық ғылыми-теориялық конференция. Алматы, 2019. – 428 бет.

ЛАУРА ДӘУРЕНБЕКОВА

*А.Құсайынов атындағы*

*Еуразия гуманитарлық институтының доценті*

## ЖҰМАҒАЛИ ТІЛЕУЛИННИҢ МАҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ ТЕРМИН СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

**Аңдатпа:** Алаш қайраткері, дәрігер, аудармашы Ж.Тілеулин маңызды медициналық еңбектерді аударумен, сонымен қатар халықтың денсаулығын сақтау мақсатында үгіт-насихат түрінде мақалалар жазумен айналысты. Бұл мақалада ағартушы-дәрігердің «Қазақ» газетінде жарияланған денсаулық туралы мақалалары талданып, автор қолданған, аударған терминдер мен түсіндірмелерге назар аударылады. Сондай-ақ автордың сол кездегі қазақ ұғымына сай аударған терминдер тізбесі мен тұлғаның өмір жолы туралы мәліметтер берілген.

**Кілт сөздер:** *«Қазақ» газеті, ағартушы-дәрігер, термин, Алаш, денсаулық.*

**Annotation.** Alash figure, doctor, translator ZH. Tleulin was engaged in the translation of important medical works, as well as writing articles in the form of propaganda for the protection of public health. This article analyzes the articles of the educator-doctor on Health, published in the newspaper "Kazakh", pays attention to the terms and explanations given in the Kazakh language, which the author used, translated. There is also a list of terms translated by the author in accordance with the Kazakh concept of that time. In addition, information about the life of a qualified doctor is provided.

**Keywords:** *newspaper "Kazakh", doctor, term, Alash, health.*

Бұл мақала ҚР ҒЖБМ грантымен қаржыландырылатын «АР19679312 «Алаш қайраткерлерінің аударма еңбектеріндегі адамзатқа ортақ құндылықтар» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Есімі көп айтыла бермейтін, алаш қайраткерлерінің сапында тұрған білікті дәрігер Жұмағали Тілеулин 1913-1932 жылдары Петропавл, Көкшетау, Қырғызстанда денсаулық сақтау саласы бойынша фельдшер, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарған.

Елдегі аласапыран қиын кезеңде ұлттың денсаулығына ғана емес, болашағына алаңдаулы дәрігер «1917 жылы Омбы қаласында Алаш партиясының Ақмола облысындағы бөлімшесін құруға қатынасып, күрескерлігімен көзге түседі. Омбы қаласында өткен ІІ Жалпықазақ сиезінде Алашорда ұлттық өкіметіне мүше болып қабылданады. Алаш өкіметі таратылғанша ұлт қайраткерлері қатарында ел азаттығы жолында батыл күреседі» [1].

«XX ғасыр басындағы термин шығармашылығы сол кезеңде түрлі деңгейдегі еңбектер жазған авторлардың есімдерімен тікелей байланысты қарастырылуға тиіс. Ғасыр басында халықтың сауатын ашу, білім беру күн тәртібінде тұрған ең басты мәселе болғандықтан қазақ оқығандары осы бағытта жұмыс істеді. Ұлт тағдыры үшін ана тілінде білім алып, тәрбиеленудің маңызын терең түсінген олар – өздері маманданған салалары бойынша қазақ тілінде оқулықтар мен оқу құралдарын жазуды алдарына мақсат етіп қойғандығы байқалады. Қажеттілікті өтеу үшін бірнеше ғылым саласы бойынша еңбек жазғандары да бар» [2, 92]. Ал, олардың қатарында дәрігер Ж.Тілеулиннің де тұрғаны анық. Ұлттың ұлт болып қалыптасуына ең бастысы деннің саулығын қажет деп білген қайраткер өз заманында халықтың денсаулығын сақтау бойынша үгіт-насихат түрінде мақалалар жазумен қатар, медициналық маңызды еңбектерді аударумен де айналысқан. Оның медицинаға байланысты мақалалары 1913-1914 жылдары ұлт басылымы «Қазақ» газетінде үздіксіз жарияланып тұрды.

1924-1926 жылдар аралығында мақалалары жинақталып: «Гигиена», «Жұқпалы аурулар», «Қотыр және жұқпалы аурулар, оларға қарсы қолданатын шаралар», «Денсаулық» кітаптарымен қатар, «Көз ауруы –

трахома», «Мерез», «Қолдағы хайуандардан адамға жұғатын аурулар» атты аударма еңбектері жарық көрді.

Оның «Қазақ» газетіндегі мақалаларынан дәрігердің күнделікті өмірде көбінесе халық арасында кеңінен тарайтын жұқпалы ауруларға назар аудартуды мақсат еткенін байқаймыз. Әрбір жұқпалы аурудың қалай жұғып, тарайтынын баяндап қана қоймай, Ж.Тлеулин әр аурудың түрін сипаттап, орыс тілінде қалыптасқан терминдерді, сол кезеңдегі халық ұғымына бейімдеп кейбіреулерін қарапайым тілмен аударып, түсініктеме беріп отырған. Мәселен, «микроб» терминін «уақ құрт» деп аударып, «микроб деген уақ құрт кірлі киім, кірлі теріге тым-ақ үйір келеді» [3, 56] – деп анықтама береді. Мақаланың жалғасы адам денесіндегі бұлшық еттерінің қызметі жайына ойысады. Бұлшық еттердің негізгі атқаратын қызметін және олардың ішіндегі микроорганизмді «*тамырлар*» деген атаумен береді. Ал, «Паралич» терминін «тамырлардың науқасы» деп алып, денедегі бұлшық еттердің бұрыс қозғалуы, дененің жартылай жансыздануы жөнінде түсініктеме беріп, сырқаттан айығу үшін автор далада серуендеуді, күнделікті жаттығу жұмыстарын жасауды ұсынады.

Газеттің кезекті санында автор дұрыс тамақтанудың маңызын және оның ағзаға тигізер пайдасы мен ішектің негізгі функционалдық қызметін түсіндіреді. Дәрігер «патологический» деген сөзді «*науқас, ауру*» деген сөздермен берген. Ал, «соленая кислота» деген сөзді «*ащы су*» деп аударған. Қазіргі кезде бұл «тұз қышқылы» деген атпен қолданады. «*Ащы судың күшімен манағы қарынға түскен тамақ бұзылып, һәр түрлі күйге кіреді*» деп анықтама береді. Сондай-ақ, адамның ауруға қарсы төтеп бере алатын жасушалар қызметін «клетки организма» деген тіркесті «*аурудың бөлімдері*» деген. Автор аурудың дұрыс тамақтанбаудан, аз қимыл жасаудан және ұйқы режимін орындамаудан деп түсіндіреді де, олардың әрі қарай өршіп кетпеуіне назар аудартады.

Баяндамада сонымен қатар, көптеген қазақ ұғымына сай, жаңа терминдер қолданылған. «Сыпной тиф» деп аталатын бактериялардың кесірінен пайда болатын ауруды, автор «*сүзек*» ретінде береді және оның сақтану шараларын ұсынып, халықты барынша тазалыққа үндейді.

«Сыпной тиф (сүзек) деген науқастың микробы бұл күнде ашылған жоқ, ашылмаса да бұл аурудың өз алдына микробы бар екендігіне шек жоқ» [3, 187] – деп аурудың негізгі белгілерін сипаттаған.

Автор тазалық әдептерін сақтау денсаулығымызға пайда әкелер ең үлкен қазына дей келе, орыс тіліндегі «дезинфекция» деген сөзді қазақ тілінде «тазаламақ» дейді де, «Денсаулықтың басты көзі тазалық» деп «тазаламақ» терминінің мәнін түсіндіреді.

Адам денесіндегі токсиндер туралы айта келе, «токсин» деген атауды ғалым «нәжіс» деп аударады да, токсинді «микробтан шығатын нәрселер» деп анықтама береді. «Микробтардың көп болуы көптеген жаман кеселдерге душар еткізеді, мысалы «дифтерия» атты ауруды тудырады. Бұл адам организміне қауіпті бактериялардың көбеюіне байланысты пайда болатын ауру» деп нақтылай келе, дифтерияны «қу кеңірдек» [3, 164] – терминімен береді.

Тіпті аурудың белгілерін анықтап жазады. «Дифтерия кезінде тірі жанның қызуы көтеріліп, кеңірдек тұсы ауырып әлсірейді. Адамның организміне микроб шығаратын нәрселер кіріп келетін болса, ол жанның халі тым әлсіреп немесе мүлде нашарлап кетуі мүмкін, сол себептен де токсиндердің кетіру үшін медицина саласында «антитоксин» дәрілері қолданылады» [3, 168] – дейді, бұл дәрілерді «уға қарсы дауа» деп баяндап, оны арнайы дәріханалардан алуды ұсынады.

Ең жаман аурудың түрі «сибирская язва», «чахотка» атауын «ұрын құрты» деп береді. Бұл құрт тамақтану арқылы келетінін және оны малдың шала піскен етінен пайда болатынын түсіндіреді.

«Тамақтану жайында» мақаласында адамның ас қорыту жүйесінің қызметін талдайды да, «белок, углевод, жир» терминдерінің мәнін ұғындырады.

«Белок» терминін «ақшыл» деп береді де, тамақтанудың «ең асылы» екенін атаған. Ақшыл дәрумені адам ағзасының бұлшық еттерін нығайтып, қуаттандыратынын айта келе, дәруменнің қандай тағамдарда болатынын саралайды.

Углеводты – углевод деп транскрипция тәсілімен беріп, «жир» сөзін қазақ тіліне «семіз, май» деп аударады. «Углевод көбінесе адамның тамағының сіңімді болуын қамтамасыз етсе, май бөлшектері тірі

жанның тері бөліктерін түрлі микробтардан сақтайды, ағзадағы құрғақтық қасиетті жояды, асқазанның тамағының толық сіңімді және нәрлі болуына мүмкіндік береді және дәм сезу мүшесін арттырады» [4, 59] – деп түсіндіреді.

Орыс тіліндегі «нерв» сөзін «қан жүрмейтін тамырлар» деп атайды. Бұл жүйке жүйкелері қан жүргізбесе де, дененің басқа бөліктерінің қозғалуын қамтамасыз ететін маңызды бөлшек. Оның ең маңыздысы ретінде ми мен жұлынды көрсетеді. «Денсаулығы жайынан» мақаласында әйел адамның физиологиялық тұрғыдағы дене тұрқы және эмоционалды қасиеті сипатталады, Ж.Глеулин олардың болмысын сипаттап денсаулықты арттырудың бірнеше жолдарын көрсетеді.

1915 жылы шыққан «Денсаулық. Екіқабат һәм жас босанған әйелдер жайынан» мақаласын өмірге сәби алып келген немесе енді босанатын әйелдерге арналған нұсқаулық десек те болады. Автор босанған әйелде, сәбилерде кездесетін ауру түрлеріне тоқталып, орыс тіліндегі «рахит» сөзін, қазақша «ет» дейді де, «нашар болып туылып, біраз уақыттан соң қазақша «ет» деген ауруға ұшырайды» деп түсініктеме береді. Сондай-ақ, босанатын әйелдің жататын бөлмесінің тазалығына және босандыратын дәрігерлердің саны екіден артық болмауына және босандыру кезінде қателіктер кетсе түрлі ауруларға шалдықтыратынына да назар аудартады. Мысалы, орыс тіліндегі «родильная горячка» жөнінде айта келе, оны қазақ тіліне «жынданулар» деп аударады. Бұл ауру әйелде микроб және токсиндердің ұлғаюынан болатынын жазып, босанғаннан кейін де қазақ әйелдерінің өздеріне күтім жасау керектігін және шілдетердің маңыздылығын қарапайым тілмен талдап көрсеткен.

Қазақ халқының психологиясына негіздей отыра, автор сүйектерді киіз үйдің уықтарының маңызды қызметі ретінде балама жасап, түсіндіреді. Сүйектердің негізгі қызметтерін екіге бөліп автор оларға дәлме-дәл аударма жасайды.

Сүйек ауруларына сипаттама беріп «английский рахит» деген ауру түрін «бүкірейген сүйек» деп, одан сақтанудың жолын көрсетеді.

Автор «Ішкі ағзалар» бөлімінде адамның негізгі қызметін жүзеге

асыратын жүрек және денедегі барлық токсиндердің қорғаныш қызметін атқаратын бауыр мен бүйрек қызметін атап көрсетеді.

Бүйректің қан тазалаудағы негізгі қызметін атай отыра, автор оның «сүзгі реттеуіш» деп, *«осы сүзгі арқылы қанның дем алғанда шықпай қалған нашар, денеге зәр келтіретін бөлімдері шықпақшы»* дейді. Дәл осы бүйрек жайлы мақаласында адам денесінің қызуының көтерілу себептерін атай келе, «температура» терминін «жылылық» деп көрсетеді. «Адамның сау уақытындағы денесіндегі жылылық һәман 36,5-37,5 шейін градус болады» [5, 147] – деуінен де, дәрігердің қарапайым халыққа денсаулыққа қатысты әрбір нәрсені егжейлі-текжейлі түсіндіруді мақсат еткен. Аталған мақалаларында кездесетін басқа да, терминдер бар.

Патология – науқастық

Клеткиорганизма – аурудың бөлімдері

Апоплексический удар – ақылынан айрылу

Гликоген – қырақмал

Токсин – дене нәжісі

Антитоксин – уға қарсы дауа

Чахотка – ұрын құрты

Органические вещества – органикалық нәрсе

Минеральные вещества – минеральный нәрсе

Автордың жазбаларынан денсаулыққа қатысты қолданған біршама терминдерді кездестіреміз. Қай-қайсысын алып қарасақ та, дәрігер орыс тілінде қалыптасқан терминдерді сол кездегі қазақтардың қолданысындағы сөздермен беруге тырысқаны байқалады.

Халықтың денсаулығына алаңдап, емдеу ісімен айналысып қана қоймай, әрбір аурудың алдын алуды насихаттаған Жұмағали Тілеулиннің өмірі де қиын жағдайда өтті. Әрине, ұлтының болашағына қам жеген азаматтар кеңестік тоталитарлық жүйеге ұнамайтыны анық. Білікті дәрігерде назардан тыс қалмай, 1930 жылы 5 маусымда тұтқындалады.

«1918-1920 жылы Кеңес үкіметіне қарсы қарулы күрес және өкіметке қарсы ұлтшыл үгіт-насихат жүргізді, шетелдік орталықтармен байланыста болды» деген айып тағылады. 1932 жылы 5 жылға бас

бостандығынан айырылып, Воронеж облысына жер аударылады. 1932 жылдан бастап Қырғызстанда дәрігер болып жұмыс істейді. 1938 жылы Қырғызстанның Новотройцк ауданында аурухана меңгерушісі болып жүрген кезінде тұтқындалып, ОГПУ «үштігінің» шешімімен атылады» [1].

Арада қанша уақыт өтсе де, алаш қайраткері Ж.Тілеулиннің жазбалары әлі де өзектілігін жоймағаны анық.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Тілеулин Жұмағали (1890-1838). /[https://alash.semeylib.kz/?page\\_id=449](https://alash.semeylib.kz/?page_id=449)
2. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. – Алматы: Сардар, 2014. – 952 б.
3. «Қазақ» газеті. 1913 жыл / Құраст: Ғ.Әнес, Т.Замзаева. – Алматы: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2023. – 576 б.
4. «Қазақ» газеті. 1914 жыл / Құраст: Ғ.Әнес, Т.Замзаева. – Алматы: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2023. – 576 б.
5. «Қазақ» газеті. 1915 жыл / Құраст: Ғ.Әнес, Т.Замзаева. – Алматы: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2023. – 576 б.



## КАМШАТ ТУСУПОВА

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Ақпараттық жүйелер факультетінің аға оқытушысы, PhD*

### АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР САЛАСЫНДАҒЫ ТЕРМИНДЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Андатпа.** Мақала бүгінгі таңдағы өзекті зерттеулердің бірі – ақпараттық технологиялар (IT) саласындағы терминдерді қазақ тіліне аудару мәселесіне арналған. Мақала осы маңызды саланың ағымдағы жағдайы мен даму перспективаларына талдау жасап, қазіргі зерттеулер мен қолданыстағы мысалдарға сүйене отырып, IT терминдерін қазақ тіліне аударудың негізгі әдістерін қарастыруға, онда кездесетін басты мәселелерді анықтауға және мүмкін болатын шешімдерді ұсынады.


**Кілт сөздер:** *Ақпараттық технологиялар, терминдердің аудармасы, қазақ тілі, лингвистикалық аспектілер, терминдерді локализациялау, аударма әдістері.*

**Abstract.** The article is devoted to one of the most relevant questions today – the problem of translating terms in the field of information technology (IT) into Kazakh. The article analyzes the current state and prospects for the development of this important field and, based on current research and existing examples, considers the main methods of translating IT terms into Kazakh, identifies the main problems encountered in it and offers possible solutions.

**Keywords:** *Information technologies, translation of terms, Kazakh language, linguistic aspects, localization of terms, translation methods.*

Мақала бүгінгі таңдағы өзекті зерттеулердің бірі ақпараттық технологиялар (IT) саласындағы терминдерді қазақ тіліне аудару

мәселесіне арналған. Мақала осы маңызды саланың ағымдағы жағдайы мен даму перспективаларына талдау жасап, қазіргі зерттеулер мен қолданыстағы мысалдарға сүйене отырып, IT терминдерін қазақ тіліне аударудың негізгі әдістерін қарастыруға, онда кездесетін басты мәселелерді анықтауға және мүмкін болатын шешімдерді ұсынады.



Ақпараттық технологиялардың дамуы және олардың өміріміздің барлық аспектілеріне енуі IT терминдерін қазақ тіліне дәл аудару қажеттілігін арттырып отыр. Өте жақсы қарқынмен дамып келе жатқан IT саласының терминологиясы үнемі жаңа сөздермен және тіркестермен толықтырылу үстінде. Қазақ тілінде сөйлейтіндер үшін техникалық терминологияның түсінікті әрі нақты болуы маңызды, өйткені бұл әлемдік тенденциялардан қалыс қалмай, заманауи технологияларды әртүрлі салаларда табысты пайдалануға мүмкіндік береді.

Көптеген басқа тілдер сияқты, қазақ тілі де ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуына дайын болмаған. Бұрын терминология техникалық және ғылыми әдебиетте үстемдік еткен орыс тілінен алынып отырғаны баршаға мәлім. Алайда, ұлттық сана-сезімнің өсуі және қазақ тілінің әртүрлі өмір салаларында танымал болуы, қазақ тілінде түпнұсқа терминдерді жасау қажеттілігін туындатып отыр.

Терминдерді локализациялау – бұл тек аударма емес, сонымен қатар оларды мәдени және тілдік ерекшеліктерге бейімдеу. Аударылған терминдер интуитивті түсінікті және тиісті контексте қолданылуы

маңызды. Мысалы, егер терминнің қазақ тілінде баламасы болмаса, оны қазақ тілінде сөйлейтіндер үшін оңай игерілетін және қисынды болатындай етіп бейімдеу қажет [1-5].

Бүгінгі таңда IT терминдерін аударуда бірнеше негізгі қиындықтар бар, атап айтатын болсақ:

1. *Баламалардың болмауы*: Көптеген IT-терминдердің қазақ тілінде тікелей баламалары жоқ, бұл аударма үдерісін қиындатады.

2. *Технологияның қарқынды дамуы*: Жаңа терминдердің жылдам пайда болуы соншалық, олардың аудармасы мен бейімделуіне ілесу өте қиын.

3. Мәдени айырмашылықтар: Кейбір терминдерде аударма кезінде ескеру қажет өздеріне тән ерекше мәдени контекст бар.

**Аударма әдістері.** IT терминдерін қазақ тіліне аударуда қолданылатын негізгі үш әдіске тоқталайық.

1. *Калькалау әдісі* – терминнің бөліктерін сөзбе-сөз аударып, жаңа тілде біріктіру әдісі. Бұл әдіс терминнің мағынасын түсіну маңызды болған кезде пайдалы.

Мысалы:

Software – «бағдарламалық қамтамасыз ету». Термин «бағдарламалық» (software) және «қамтамасыз ету» (provision) сөздерінен тұрады.

Hardware – «аппараттық қамтамасыз ету». Бұл да солай, «аппараттық» (hardware) және «қамтамасыз ету» (provision) сөздерінен тұрады.

Database – «деректер қоры». Термин «деректер» (data) және «сақтау жүйесі» (base) сөздерінен тұрады. Яғни, «деректер қоры» дегеніміз мәліметтерді сақтау жүйесі дегенді білдіреді.

Encryption – «шифрлау». Термин «шифр» (code) и «лау» (process) сөздерінен тұрады. Яғни, «шифрлау» дегеніміз құпиялылықты қамтамасыз ету үшін деректерді кодтау процесін білдіреді.

Cloud Computing – «бұлттық есептеу». «Cloud» термині «бұлт», ал «computing» «есептеу» немесе «есептеу техникасы» дегенді білдіреді. Яғни, интернет арқылы есептеу ресурстарын ұсыну моделін айтамыз.

Cybersecurity – «киберқауіпсіздік». Термин «кибер» «cyber» дегенді, ал «security» дегеніміз «қауіпсіздік» дегенді білдіреді.

2. Кірме терминдер – терминнің өзгеріссіз қабылдануы. Бұл әдіс

терминнің қазақ тілінде баламасы болмаған кезде немесе калькалауды қолданғанда өз мағынасын жоғалтып алуы мүмкін жағдайда қолданылады.

Мысалы: Computer – «компьютер» термин ағылшын тілінен өзгеріссіз қабылданды. Internet – «интернет» сөзі де өзгеріссіз қабылданған. Browser – «браузер». Sait – «сайт» және т.б.

3. Жаңа сөздер құру – терминдерді қазақ тіліндегі бар сөздер мен морфемдер негізінде қалыптастыру процесі. Бұл әдіс тілдік және мәдени ерекшеліктерге толық бейімделген терминдерді жасауға мүмкіндік береді.

Мысалы:

Network – «желі». «Желі» — «net», «work» – «жұмыс» екеуі бірге желінің мағынасын беретін термин жасайды.

Debugging – «кәтелерді түзету». Бұл термин түзету процесінің мағынасын береді.

Әрине, міне, ақпараттық технологиялар саласында қазақ тілінде жаңа сөздер жасаудың бірнеше мысалы, мұнда қолданыстағы қазақ сөздері мен морфемалары пайдаланылады:

Computer program – «Компьютерлік бағдарлама». «Компьютерлік» - «компьютер» (қабылданған сөз) сөзінен қазақша «-лік» жалғауы қосылып жасалған және «бағдарлама» - қазақша сөз, бағдарламаны білдіреді.

Information security – «Ақпараттық қауіпсіздік». «Ақпараттық» - «ақпарат» (information) сөзінен қазақша «-тық» жалғауы қосылып жасалған және «қауіпсіздік» - қауіпсіздікті білдіретін қазақша сөз.

E-book – «Электронды кітап». «Электронды» – «электрон» (қабылданған сөз) сөзінен қазақша «-ы» жалғауы қосылып жасалған және «кітап» - кітапты білдіретін қазақша сөз.

Programming – «Бағдарламалау». Қазақша «бағдарлама» (program) сөзіне қазақша «-лау» жалғауы қосылып, іс-әрекет немесе процесті білдіріп тұр.

Бұл мысалдар қазақ тілінде жаңа терминдердің қалай жасалатынын және олардың тілдік және мәдени ерекшеліктерге толық бейімделгенін көрсетеді.

Енді осы әдістердің өздеріне тән артықшылықтары мен кемшіліктері бар (1-кесте).

**1-кесте.** Аударма әдістерінің артықшылықтары мен кемшіліктері

Әдіс атауы	Артықшылықтары	Кемшіліктері
Калькалау	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Түпнұсқа терминнің құрылымын сақтау.</li> <li>• Термин жасаудың қарапайымдылығы.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Түпнұсқа терминді білмейтіндер үшін түсінуде қиындықтар болуы мүмкін</li> </ul>
Кірме терминдер	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Терминді жылдам және оңай енгізу.</li> <li>• Халықаралық танымалдықты сақтау.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Бейімделу және айтылуында қиындықтар болуы мүмкін.</li> <li>• Қазақ тіліндегі сөздердің түп-тамырымен байланыс болмауы.</li> </ul>
Жаңа сөздер жасау	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қазақ тіліне толық бейімделу.</li> <li>• Мәдени және тілдік ерекшеліктерді ескеру.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Терминді жасаудың күрделілігі және ұзақ процесі.</li> <li>• Жаңа терминдерді қабылдауында қиындықтар болуы мүмкін.</li> </ul>

**Мәселелерді шешу ұсыныстары.** Жоғарыда көрсетілген мәселелерді шешуге төмендегідей нұсқаларды ұсынуға болады:

**1. Глоссарийлерді әзірлеу.** Арнайы терминдердің аудармаларын және түсіндірмелерін қамтитын глоссарийлерді әзірлеу терминологияны стандарттауға көмектеседі. Мұндай глоссарийлерде терминдердің егжей-тегжейлі сипаттамалары мен қолдану мысалдары болуы қажет, бұл олардың түсінікті болуын және қолданылуын жеңілдетеді. Мысалы, «компиляция» термині «бағдарламалық кодты машина тіліне аудару процесі» ретінде түсіндірілуі мүмкін.

**2. Мамандырдың бірлескен жұмысы.** IT-терминологияны сәтті аудару және енгізу үшін лингвистер, IT мамандары және оқытушылар арасындағы ынтымақтастық қажет. Бірлескен күш-жігер терминологияны стандартталған және түсінікті етіп жасауға көмектеседі, ол білім беру және кәсіби контекстерде кеңінен қолданылатын болады.

**Қорытынды.** IT саласындағы терминдерді қазақ тіліне аудару жан-жақты талқылауды талап ететін маңызды міндет болып табылады. Аударма процесі тек лингвистикалық аспектілерді ғана емес, сонымен қатар мәдени және техникалық ерекшеліктерді де қамтиды. Терминдерді дұрыс аудару үшін мамандандырылған глоссарийлерді әзірлеу, терминдерді бейімдеу кезінде мәдени ерекшеліктерді ескеру және заманауи IT-ресурстарды пайдалану қажет. IT саласындағы терминдерді қазақ тіліне сәтті аудару және енгізу лингвистер мен IT-мамандардың тығыз ынтымақтастығы арқылы ғана мүмкін болады. Бірлескен күш-жігер стандартталған және түсінікті терминологиялық базаны құруға көмектеседі, бұл өз кезегінде Қазақстанда IT-саланың дамуына ықпал етеді және ана тіліндегі заманауи технологияларға қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Т.Бекбулатов, Н.Утельбаева. Ақпараттық технологиялар саласындағы терминдер аудармасының ерекшеліктері. Қазақстан-Британ техникалық университетінің Хабаршысы, 2019, 16(3), 443-447 б.
2. Б.Е. Кеңес, Ш.Құрманбайұлы. Қазақ тіліндегі ақпараттық технология (IT) терминдарының қолданысы. TILTANYM, 2023, 1(89), 169-181 б.
3. Құлманов С. Қазақ тілі терминологиялық қорының әлеуеті (сандық және сапалық көрсеткіштерді талдау) // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы, Филология сериясы, 2021, 3(136), 56 б.
4. Шойбекова Ғ., Абдрахманова Ж., Насырғазы А. Қазақ тіліндегі терминжасам тәсілдері арқылы жасалған компьютер терминдері // ҚазҰУ Хабаршысы, Филология сериясы, 2020, 1(177)
5. Әбділманов А. Ұлттық тіл негізінде компьютер терминдерінің үлес салмағы // Терминологиялық хабаршы, 2020, 2(59), 91 б.

## БҮЛБҮЛ КАРБОЗОВА

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
аға оқытушы, PhD*

### ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНДА ОМОНИМ ҚҰБЫЛЫСЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

**Аңдатпа.** Бұл мақала омоним құбылысының қазақ терминологиясында көрініс беруіне арналады. Әдетте, тілімізде омонимдер тек жалпықолданыстағы сөздер аясында зерттелініп келеді. Омоним құбылысы арнаулы тіл аясында сирек қарастырылған. Тіпті, термин болудың негізгі талаптарының бірі – «терминдерде омоним болмау керек» деген де қағида бар. Дегенмен, терминқорымызда омонимдік қатар құрайтын терминдер де бары жасырын емес.

Автор мақалада омоним-терминдердің терминологиялық қордан алатын орны, оның пайда болу жолдары жайында сөз ете келе, омоним-терминдер өз ішінде жүйеаралық және саларалық деген үлкен екі топқа бөлінетіндігіне тоқталады. Сонымен бірге бұл терминдердің омонимдік қатар құруына арқау болып тұрған үш ерекшелікті атайды: терминдену үрдерісінде ұғымға атау беруде уәжді, яғни семантикалық байланысты басты назарға алуы; екінші, шеттілдерден енген терминдер омонимдік қатармен тілімізге дайын күйінде енуі; үшінші, ешқандай уәжсіз жай ғана дыбыстардың кездейсоқ қатар келуі арқылы омонимдік қатар түзуі.

**Кілт сөздер:** *Саларалық омоним-терминдер, когнитивті-семантика, арнаулы тіл, жүйеаралық омоним, аударматану.*

**Abstract.** This article is devoted to homonyms which are used in the terminological environment of the Kazakh language. In Kazakh Linguistics, homonyms are usually considered only in the field of commonly used words. Homonymic phenomena are very rarely viewed in the special



Kazakh language environment. Even the rules concerning the words that can be referred to the terms state that "homonyms must not be present in a terminological sequence". But it is evident that there are homonyms in the terminological sequences in the language base of any language.

In the article the author substantiates the place which terms-homonyms take in the terminological base and describes the ways of their occurrence; the fact is accentuated that these terms-homonyms are divided further within themselves into two major groups such as intersystem and interbranch ones. Along with this, the author emphasizes three features that are the reason that these terms constitute homonymic sequences in our language as homonymic sequences.

**Keywords:** *Interindustry homonymy of terms, cognitive-semantics, special language, inter-system homonymy, translation.*

Бұл мақала омоним құбылысының қазақ терминологиясында көрініс беруіне арналады. Әдетте, тілімізде омонимдер тек жалпықолданыстағы сөздер аясында зерттелініп келеді. Омоним құбылысы арнаулы тіл аясында сирек қарастырылған. Тіпті, термин болудың негізгі талаптарының бірі – «терминдерде омоним болмау керек» деген де қағида бар. Дегенмен, терминқорымызда омонимдік қатар құрайтын терминдер де бары жасырын емес.

Автор мақалада омоним-терминдердің терминологиялық қордан алатын орны, оның пайда болу жолдары жайында сөз ете келе, омоним-терминдер өз ішінде жүйеаралық және саларалық деген үлкен екі топқа бөлінетігдігіне тоқталады. Сонымен бірге бұл терминдердің омонимдік қатар құруына арқау болып тұрған үш ерекшелікті атайды: терминдену үрдерісінде ұғымға атау беруде уәжді, яғни семантикалық байланысты басты назарға алуы; екінші, шеттілдерден енген терминдер омонимдік қатармен тілімізге дайын күйінде енуі; үшінші, ешқандай уәжсіз жай ғана дыбыстардың кездейсоқ қатар келуі арқылы омонимдік қатар түзуі.

Тіл білімі ғылымында әдеби тілге берілген анықтама көпшілікке белгілі. Ғалымдар ғылым тілін екі бағытта түсіндіреді. Бір ғалымдар оны әдеби тіл шеңберінде қарастырса, енді бір ғалымдар дербес тіл ретінде қарастырады. Академик Ә.Қайдар, «ғылым тілі — бүгінде



әдеби тіліміздің ең сүбелі саласы, жон арқасы», «ғылым тілі қалыптаса алмаған әдеби тілді толыққанды әдеби тіл деп айтуға болмайды» [1, 11б.] деп көрсетсе, академик Ө.Айтбайұлы Ө.Қайдардың ізімен ғылым тіліне мынадай анықтама береді: «Ғылым тілі — ғылыми негізде жасалатын өзіндік қалыптасу принциптері бар, стильдік өңі ерекше әдеби тілдің бір түрі. Әдеби тілдің ғылымға қызмет ететін бір тармағы. Адам, қоғам, табиғат жөнінде ақиқат ақпарат беретін, шындықты баяндайтын ғылыми мәтін (текст)» [2, 88б.]. Ал енді ғылым тілін дербес функционалды тіл ретінде қарастыратын көзқарастарға В.П.Даниленконың пікірін келтіруге болады. Ғалым ғылым тіліне үлкен дербестік беріп, ол өзінің элементтерінің құрамы мен қызметі жағынан «жалпы әдеби тілдің ғана емес, жалпы ұлттық тілдің де аясынан шығады» [3] деп санайды. Пікірлердің бір ұшы ғылым тілін «терминологиялық лексика» ұғымының аясында түсіндіру барысынан көрінеді. Осы орайда зерттеушілер жалпы лексика — арнаулы лексика, әдеби тіл — арнаулы мақсатта қолданылатын тіл, термин — бейтермин, сөзқолданымды реттеу — терминологиялық жүйелерді құру тәрізді оппозицияларға сүйене отырып, терминологиялық жүйелердің автономды мәртебесін, әдеби тілдің құрамына кірмейтіндігін дәлелдеуге тырысады [4].

Ғылым тілін түсінуде (немесе түсіндіруде), ілгеріде ескертілгендей, тілдің қызметін ғана емес, ғылым саласындағы адамның іс-әрекетін де көрсеткен лазым. Жалпы алғанда, ғылымның мәні шындық болмысты танудың ерекше үдерісін бейнелеуден көрінеді. Сол мақсатта тілдің коммуникативтік бағытталуы жүзеге асады. Тілдік құралдар негізінде қоршаған шындықтың құбылыстары мен үдерістері, олардың түрлі қасиеттері мен белгілері, өзара қатынастары мен байланыстары тілдік тұрғыдан тіркеледі. Бұл ғылыми тілдің лингвистикалық зерттеудің нысаны екендігін айқындайды, сонымен бірге ғылым тілінің шындық болмысты танудағы қызметін белгілейді. Ол қызмет тілдің ғылыми білімді жинақтау, сақтау, тарату әрекеттерімен тығыз байланысты болып келеді және мынадай түрлерде көрінеді: 1) когнитивтік (ойлау); 2) аккумулятивтік (білімнің қорлануы); 3) коммуникативтік (мамандардың қарым-қатынасы, жаңа білім алу мен қалыптастыру).

Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, ғылым тілі — қарым-қатынастың ғылыми аясында жасалатын лексика-грамматикалық жүйесі бар тұтас құрылым. «Ғылым тілі» ұғымының кең болатын себебі, ол ғылыми стильді танытатын тілдік құралдарды ғана емес, ғылыми ая (сфера) қатынасындағы барлық функционалдық-стильдік белгілерді, түрлерді қамтиды. «Ғылым тілі» ұғымы — ғылыми стильдің ядросы мен шеткері аймағын құрайтын таңбалық бірліктердің, қолданыстардың грамматикалық және семантикалық құралдарының тұтас жүйесі деген қорытынды шығаруға болады.

«Терминологиялық бірліктер жалпы ұлттық тілдің бірлігі бола тұра арнаулы тілдің кішігірім жүйесінің мүшесі ретінде де көрініс табады. Осымен байланысты термин-сөздер арнаулы тілдік бірлік ретінде танылып, арнаулы және кәсіби ұғымды атау нәтижесінде тілдік жүйенің басқа тілдік бірліктерінің ерекше қызметке ие бола бастайды. Бұл ретте ең маңызды мәселе терминологиялық бірліктердің аталмыш сипаттарға ие болуы тек белгілі бір терминологиялық жүйе шеңберінде ғана жүзеге асатындығында болып отыр» [5, 58 б.]. Қазақ тіл білімінде ғылым тілін *арнаулы тіл* деп аталуы да тектен тек емес. Мақаламызда *арнаулы тілді* белгілі бір ұлттық тілдің құрамындағы қосымша тіл ретінде қараймыз. Сол себептен де олардың құрамындағы омонимдерге жеке тоқталамыз.

Ғалымдар терминдерде омоним болмауы қажет деп көрсетеді. М.Қожаева «Аударматану терминдерінің когнитивтік-семантикалық құрылымы» атты диссертациялық жұмысының авторефератында «1) басқа тілге аудару; 2) басқа тілден алу (кірме сөз); 3) тұрпат межесінің өзгеруі немесе айқындалуы; 4) мазмұн межесінің өзгеруі немесе айқындалуы; 5) көп мағыналылық; 6) омонимия; 7) синонимия; 8) антонимияларды» терминдер мен терминологиялық жүйелерді жалпы лексика мен лексикалық жүйелерден ажырататын аспектілер деп көрсетеді [6, 206.]. Дегенмен де қазақ терминологиялық қорында омоним терминдерінің кездесіп қалатынын да жоққа шығара алмайды. Омонимдер – айтылуы бірдей, мағыналық жақындығы жоқ сөздер. Омонимдердің пайда болу себебі әр түрлі: 1) көп мағыналы сөздердің арасындағы семантикалық байланыс үзілуі арқылы жасалады; 2) сөздердің тарихи дыбыстық өзгерістерге ұшырауы арқылы; 3)

кірме сөздер мен төл сөздердің дыбысталуы жағынан сәйкес келуі арқылы жасалады. Мысалы: **сәйкестік I** – бір-біріне сай үйлестік, ұқсастық; **сәйкестік II** – аударма жайындағы ғылымның ең негізгі категорияларының бірі. Аудармадағы абсолютті сәйкестік бастапқы және аударма мәтіндерінің формалды, мағыналық және ақпараттық құрамдас бөліктерінің сәйкес келуі арқылы сипатталады, алайда іс жүзінде оған қол жеткізу мүмкін емес деуге болады. Сәйкестік категориясы аудармада «сөзбе-сөздік аударма – еркін аударма» оппозициясында көрінеді. Сондай-ақ сәйкестік деп бастапқы мәтін бірлігін аудару нұсқаларының бірін айтады; **түпнұсқа I** – алғашқы негіз, бастапқы; **түпнұсқа II** – аудармадағы бастапқы мәтін, аударма осы мәтіннен жасалады; **бейімдеу I** – жуықтау, жақындау, икемдеу; **бейімдеу II** – 1. рецепторға бірдей әсер ету мақсатында сипатталған жағдаятты өзгерту нәтижесінде сәйкестіктерге қол жеткізу амалы. 2. мәтіннің түрлі өңделуі; 3. қажетті дәрежеде дайын емес оқырмандар үшін мәтіннің әзірленуі; **қабылдау I** – адам миында болатын түсіну, сезіну процесі; **қабылдау II** – аудару барысында бастапқы тілде оқу немесе тыңдау іс-әрекетінің бастамасын білдіреді; **нақтылау I** – дәлдей түсу, анықтау, айқындау; **нақтылау II** – бастапқы тіл бірлігіне қарағанда аударылған бірлік мағынасының нақты болуына байланысты аударма амалдарының бірі.

Сонымен бірге аударматану терминдік бірліктерінің материалы негізінде салааралық терминдер-омонимдер түрлері де анық байқалады. Мысалы, транслят – транслят (аударматану – радио, теледидар); селектор – селектор (аударматану – байланыс жүйесі) және т.б.» [6, 21-22 бб.] деп омоним-терминдердің терминологиялық қорымыздан анық байқалатындығын мойындайды. Шындығында да, терминқорымыздан омоним-терминдерді көптеп санап алуға болады.

Мысалы, өріс физикада «еркіндік дәрежесі шексіз көп физикалық жүйе; материяның негізгі түрі», лингвистикада «мағына ортақтығына негізделген, білдіретін құбылыстарының ұғымдық, заттық және қызметтік ұқсастығы бар тіл бірліктерінің жиынтығы».

Агглютинация лингвистикада «түбір сөзге, көбіне соңынан жалғанатын қосымшалар арқылы пайда болатын тілдік құбылыс

негізіндегі жалғамалы тілге тән ерекшелік», медицинада «майда элементтердің түйірленіп желімденуі» және т.б.

Ш.Құрманбайұлы омоним-терминдер жайында «Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография» атты еңбегінің «Терминдену тәсілінің түрлері» атты тараушасында сөз етеді.

Ғалым «Көп жағдайда жалпы қолданыстағы сөздің терминденуіне терминделуші ұғым тілде бұрыннан бар ұғымның қандайда бір терминделуші ұғым мен тілде бұрыннан бар ұғымның қандайда бір ұқасастықтары себеп болады» дей келе, терминологияда омонимдік қатар құрай алатын *кебек, редукция, ісіну* және т.б. сияқты мысалдарды келтіреді. Терминологиядағы мұндай омоним-терминдердің жасалуын, ішкі терминдердің нәтижесі деп атайды [7, 25-32 бб.]. Терминденудің мұндай процесін ғылымда «екінші терминдену», «транс-терминологизация» деп атайтындығын сөз ете отырып, «жоғарыдағы терминдердің қайсысын қолданған дұрыс дегенге келер болсақ, біздіңше терминденудің бұл түрін «екінші терминдену» деп атау терминдік ұғымды дәл бере алмайды. Себебі кейбір сөздер жалпы лексикалық өрістен белгілі бір терминологиялық өріске өтіп, одан келесі ғылым саласынан немесе кез келген арнаулы саладан орын алумен ғана шектеліп, яғни екі-ақ рет терминденіп қана қоймауы мүмкін. Бір терминнің үш, төрт немесе одан да көп арнаулы салаға алмасуы терминологияда ұшырасып тұратын құбылыс» [7, 28 б.] екендігін ескерте келе, *ішкі терминдену* деген атау осы процесті дәл береді деп көрсетеді. Яғни, омоним-терминдер біздің тілімізге жат құбылыс емес екендігін аңғартады.

Қазақ тілінде омоним-терминдерді арнайы қарастырған еңбектер де жоқ емес. Ә.Н. Насыритдинова «Техникалық терминологиядағы омоним-терминдер және олардың қолданыс ерекшеліктері» атты мақаласында қазақ терминологиясының қорындағы техникалық терминдердегі омоним құбылысын сөз етеді. Автор оларды, яғни, омоним-терминдерді салааралық және жүйеаралық деп екі топқа бөліп қарастырады [8, 15-20 бб.].

Ғылым тілінде терминдер жүйеаралық және саларалық омонимдер деп екіге бөлінетіндігі белгілі. Жүйеаралық омоним-терминдерге

ғылымның бір саласында омонимдік қатар құрайтын терминдерді жатқызады: АҚБАС I. *Басы жара болып, төсі ісетін жұқпалы түйе ауруы.* II. *Аяғына күс түсіп, тұяғы бүрісіп өсетін жылқы ауруы, бақай құрт.* Бұл екі термин де ауылшаруашылығы саласына, оның ішінде, ветеринария саласына жататын терминдер. ВОЛЬТ I. *Манеждегі аттың шеңбер ішімен оңға, солға күрт бұрылуы.* II. *Акробатикада, цирк гимнастикасында - акробат, гимнастың 180 градусқа күрт бұрылуы.* III. *Фехтованиеде түйреуден қаишақтау, жалт беру.* Келтірілген үш термин де спорт саласына жататын омоним-терминдер. Бұл жерде мына жайтты ескере кеткен жөн. **Вольт** термині электр саласына қатысты мына ұғымда «халықаралық бірліктер жүйесінде кернеулі электр тогы күшін өлшеу бірлігі» салааралық омонимдік қатар түзе алады. Тілімізде жүйеаралық омоним-терминдердің саны аса көп емес.

Салааралық омоним-терминдерге ғылымның екі немесе одан да көп салаларында омонимдік қатар құрай алатын терминдерді жатқызамыз: АЙМАҚТАНУ I. *Ағзалардың белгілі бір түрін, туысын, тұқымдасын немесе басқа қандай болса да жүйелік санаттың таралу алабын зерттейтін ғылым.* II. *Халықаралық қатынастың және жаһандық бәсекелестіктің субъектілері ретінде аймақтық қауымдастықтар, топтар мен елдер, олардың аймақтарының дамуының ішкі және сыртқы түрткіжайттарын зерттейтін ЖОО талдама пән.* Бірінші мысалдағы термин анатомия ғылымына тиесілі болса, екінші мысалдағы термин ғылым-білім саласына жататын термин. Сондай-ақ, ЖЕЛКЕН I. *Кеменің, қайықтың жүруіне көмек болу үшін мачтаға керілген қалың мата.* II. *Ең ірі жоғарғы күлтежапырақшасы.* Алдыңғы мысалдағы термин техника саласына жататын ұғым, келесі мысалда ол өсімдіктану саласын тиесілі ұғым болып тұр. Тағы бір мысал. АГГЛЮТИНАЦИЯ I. *Түбір сөзге, көбіне соңынан жалғанатын қосымшалар арқылы пайда болатын тілдік құбылыс негізіндегі жалғамалы тілге тән ерекшелік.* Лингвистика ғылымының термині. II. *Майда элементтердің түйірленіп желімденуі.* Медицина ғылымына тән термин.

Орыс ғалымы В.П.Даниленконың пікірі бойынша, салааралық терминологиялық омонимияға тән екі белгі бар:

- терминдердің дефинициялары әртүрлі;

- бұл терминдер әртүрлі терминологиялық жүйелерде қолданылады [3, 70 б.]. Байқағандарыңыздай, жоғарыда келтірілген терминдер ғалымның көрсеткен талаптарына толық жауап беріп тұр.

Ш.Құрманбайұлы терминдердің жалпықолданыстағы және өз ішінде омонимдік қатар құруының себебін былай деп түсіндіреді: «Терминденудің мұндай жағдайында жалпы қолданыстағы термин емес сөз белгілі бір терминологиялық өріске енгізіліп, терминдік мағынаға ие болады да, соның нәтижесінде жалпы қолданыстағы сөз бен термин омонимге айналады немесе сөздің бастапқы мағынасы нақтыланады (тарылады, кеңиді).

Терминденудің бұл түрі жалпы қолданыстағы сөздің бастапқы мағынасының метафоралануы, өзге тілдегі сөздің калькалануы (семантикалық конверсия) және сөз мағынасының нақтылануы сияқты жолдар арқылы жүзеге асырылады.

Ал ішкі терминдену кезінде, ең алдымен, терминделуші ұғым атауы терминологиялық өрістен алынады. Мәселен, физикада, психологияда, тіл білімінде қолданылатын өріс термині, философияда, тіл білімінде қолданылатын *байымдау* және *донор* (химия, медицина), *субъект* (философияда, логика, заң ғылымында) сияқты көптеген терминдер терминологиялық жүйенің өз ішінде бір ғылым саласынан екінші ғылым саласына ауыстыру арқылы жасалған. Мұндай салааралық омонимдердің туындауына көбінесе жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуі тәрізді, ғылыми ұғымдардың өзара ұқсастықтары негіз болады. Сондай-ақ жоғарыда айтқанымыздай, терминологиядағы салааралық омонимдердің пайда болуына тек ішкі терминдену ғана себеп болмайды. Жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуінің нәтижесінде де көптеген салааралық омонимдер туындауы мүмкін. Мәселен, өсімдіктанудағы *тамыр* термині мен медицинадағы тамыр терминдерінің жасалуына, яғни салааралық омонимдердің туындауына осы ұғымдардың жалпыхалықтық тілдегі атаулары негіз болған. Жалпы қолданыста тамыр деп «өсімдіктің су мен қоректік заттарды жеткізіп тұратын мүшесін» және қан жүретін жолды» айтады [7, 30 б.].

Шындығында да терминдер жалпықолданыстағы сөздермен, тіпті, диалектілермен де омонимдік қатар құрай алады. Сонымен бірге тер-



миндер өз ішінде белгілі бір ғылым саласы шеңберіндегі терминдермен де, әр салаға жататын терминдермен де омонимдік қатар құрай береді. Омоним-терминдердің пайда болуының бірнеше жолдары бар. Оның ең бірінші – уәжі. Мына бір мысалдарға назар аударайық, ДАБЫЛ I. *Әскери бөлімшенің (бөлімнің, құрамның) белгіленген мерзімде толық жауынгерлік дайындықта болуы және алдын ала жоспарланған шепке (орын, жер) орналасуы үшін дерілетін шартты (ракета, сирена, горн арқылы) белгі;* II. *Жергілікті жердегі халықты әуе қаупінен, атом, химиялық қарулардың қаупінен немесе т.б. сақтандыру хабары;* III. *Саусақпен қағып ойнайтын музыкалық аспап деген ұғымдарды білдіреді.* САҚИНА I. *Сәндік үшін саусаққа салынатын, таза металдан жасалған жүзік.* II. *Құс аяғына салатын мыс, қаңылтыр т.б. жасалған дөңгелек шеңбер және т.б.* АЙЫРМА I. *Бір саннан екінші санды алғанда қалған қалдық;* II. *Қойдың, сиырдың бақайында болатын сарып ауруы.* Бұл келтірілген мысалдардың алдыңғысында үш мағынаны да ортақтастырып тұрған уәж – қандайда бір дыбыс шығару. Яғни, аспап атауының мағынасы басқа терминдердің жасалуына арқау болып тұр. Келесі мысалда **сақина** сөзінің тұтас алғандағы мағынасы омонимдік қатар құрауға негіз болаған. Үшінші мысалдағы омонимдік қатар құруға негіз болып тұрған уәж сөздің жалпы қолданысындағы мағынасы – «өзгешелік, ерекшелік, айырмашылық, парық» деген мағыналары. Омоним-терминдердің басым бөлігі сөз мағынасының метафоралануы арқылы пайда болған.

Терминқорымыздағы енді бір терминдер шет тілдерден дайын күйінде омонимдік қатар болып енген: БЛОКІ. *Шеңберінде арқан асуға арналған ойық белдеуі бар доңгалақ механизм;* II. *Үйдің іргетасы мен қабырғасын қалауға арналып, дұрыс геометриялық пішінге келтірілген жасанды тас;* III. *Шахта алаңының белгілі бір шегіндегі қазу жұмыстары жүргізілетін бөлік;* IV. *Саяси-әлеуметтік топтардың өзара келісімі, одағы.* V. *Топталған жиын;* VI. *Құжаттардың таңдап алынған біртұтас бөлігі.* ВИРУС I. *Өте ұсақ, тек қана электрондық микроскоп арқылы ғана көрінетін, көптеген жұқпалы аурулардың қоздырғыштары;* II. *Торшасы жоқ, өзіне тән геномы бар, тірі торшада ғана өсіп көбейе алатын өте*

ұсақ автономды генетикалық құрылымдар, ең қарапайым тіршілік иелері; III. Басқа бағдарламалар мен файлдарға өз көшірмесін автоматты түрде кірістіре отырып, файлдарды қасақана бұлдіру мақсатында жазылған компьютерлік шағын бағдарлама (1-2 Кб немесе макрос). ВОЛЬТА I. Нота жазуында музыкалық шығарманың шағын бөлімінің аяқ жағы әртүрлі болып қайталануын көрсететін белгі (жақша, сан, цифр); II. Жеңіл жібек сияқты жұмсақ мақтадан жасалған мата. ГАЗ I. Заттың атомдары мен молекулалары бір-бірімен әлсіз байланысқандықтан, кез келген бағытта еркін қозғалатын және өзіне берілген көлемге толық жайылып орналасатын агрегаттың күйі; II. Үлпілдек, селдір, жасанды жібек мата. ГАЗЕЛЬ I. Қос тұяқтылар тобындағы қуысмүйізділер туысына, бөкен тұқымдасына жататын әсем тұлғалы, жүйрік жануардың бір түрі; II. Ұйқасы аяғында болатын екі жолды өлең және т.б.

Терминқорымызда ешқандай уәжсіз жай ғана дыбыстардың кездейсоқ қатар келуі арқылы омонимдік қатар түзетін терминдер де бар: БИТ I. Адам мен сүтқоректілердің қанын немесе өсімдік жапырақтарының шырынын сорып тіршілік ететін ұсақ жәндіктер отряды; II. Компьютер жадының көлемі мен аппарат санын өлшеуге арналған ең кішкене бірлік және т.б.

Қорыта келгенде, қазақ терминологиялық қорында омоним терминдер бар екендігін мойындауға болады. Омоним-терминдер өз ішінде жүйеаралық және саларалық деген үлкен топқа бөлінеді. Сонымен бірге бұл терминдердің омонимдік қатар құруына арқау болып тұрған бірнеше себептер бар. Олар: терминдену үрдерісінде ұғымға атау беруде уәжді, яғни семантикалық байланысты басты назарға алуы; екінші, шеттілдерден енген терминдер омонимдік қатармен тілімізге дайын күйінде енуі; үшінші, ешқандай уәжсіз жай ғана дыбыстардың кездейсоқ қатар келуі арқылы омонимдік қатар түзуі.

Омоним-терминдер жалпықолданыстағы сөздермен де, тіпті, диалектілермен де омонимдік қатар құрай алады. Бұның барлығы терминқорымыздағы омоним-терминдерді арнайы зерттеу нысанына алуға жетелейді.



**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қайдаров Ә.Т. Ғылым тілі және әдеби тіл статусы // Терминдер және олардың аудармалары. –Алматы: Ғылым,— 2010.
2. Айтбайұлы Ө. Ғылым тілі // Қазақ тілі: Энциклопедия. – 1998.
3. Даниленко В.П. Русская терминология. Опыт лингвистического описания. – М.: Наука, 1997. - 245 с.
4. Суперанская А.В. Литературный язык и терминологическая лексика // Проблемы разработки и упорядочения терминологии в академиях наук союзных республик. – М.: Наука, 1998.
5. Құрманбаева А.Ж. Терминологиялық жүйе ұғымының кейбір ерекшеліктері // Қаз ҰПУ хабаршысы. «Филология ғылымдары сериясы» – 2016. – №4.56-59 бб.
6. Қожаева М. Аударматану терминдерінің когнитивтік-семантикалық құрылымы. Филол. ғ.к. ... диссертациясының авторефераты. – Алматы, 2007. – 34 б.
7. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. –Алматы: «Сардар», 2014. – 928 б.

## МАЗМҰНЫ

### РЕСМИЕТ

Республикалық терминология комиссиясының құрамы.....3

Республикалық терминология комиссиясының  
жаратылыстану-математика бағыты бойынша  
2024 жылғы 19 сәуірдегі отырысында бекітілген терминдер.....7

Республикалық терминология комиссиясының  
қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша  
2024 жылғы 19 сәуірдегі отырысында бекітілген терминдер.....13

Республикалық терминология комиссиясының  
Қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша  
2024 жылғы 30 мамырдағы отырысында бекітілген терминдер.....15

### ҒЫЛЫМ ТІЛІ

*Ш.Құрманбайұлы.* Ғылым тіліндегі дәстүр мен жаңашылдық  
сабақтастығы.....26

### ТҰЛҒА

*Г.Түсіпова.* Шайсұлтан Шаяхметов және терминология саласы.....35

### СҮЗГІ

*Б. Ысқақ.* «Бекітілген терминдерге мониторинг жүргізу» жобасы:  
нәтижелер, міндеттер.....40

### СӨЗЖАСАМ

*С.Байменше.* Аударма һәм тудырма.....51

### БУДАН ТЕРМИНДЕР

*А. Ахмет.* Медиакөңістіктегі будан атаулардың лингвоэкологиялық  
сипаты.....56

### АЛАШ МҰРАСЫ

*Л.Дәуренбекова.* Жұмағали Тілеулиннің мақалаларындағы термин  
сөздердің қолданысы.....74

## **ІТ ЖӘНЕ ТЕРМИН**

**К.Тусупова.** Ақпараттық технологиялар саласындағы терминдерді қалыптастыру мәселелері.....81

## **МӘСЕЛЕ**

**Б.Карбозова.** Қазақ терминологиясында омоним құбылысының алатын орны.....87

## **РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ**

Авторлардың стилі,  
орфографиялық құқығы сақталады.

Шайсұлтан Шаяхметов атындағы  
«ТІЛ-ҚАЗЫНА» ҰЛТТЫҚ  
ғылыми-практикалық орталығында  
теріліп, беттелді.

Бас редактор **Ә. Қаба**  
Жауапты редактор **Қ. Хавай**  
Дизайнын жасап, электрондық нұсқасын дайындаған  
**С. Баубек**

Редакцияның мекенжайы:  
Қазақстан Республикасы  
010000, Астана қаласы,  
Сауран көшесі, 7А  
Тел.: 8 (7172) 27-30-43  
info@tilqazyna.kz

Беттеуге берілген күні 21.06.2024 ж.  
Электронды нұсқаға қол қойылған күні 01.07.2024 ж.  
Пішімі 70x100 1/16 Шартты баспа табағы 8.13